



САНДАРҒА СЕНГЕН САНА

Нумерология – рухани ізденіс пе, әлде жұбаныш па?

7

Almaty

AQSHAMY

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады

№1 (6679) 6 қаңтар, сейсенбі, 2026 жыл.

www.aqshamnews.kz



12+

ҚР Президенті Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

ҚАЗАҚСТАН ЖАҢҒЫРУДЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІНЕ ҚАДАМ БАСТЫ

– Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы, Сіз жыл сайын мерзімді баспасөзге ауқымды сұхбат беру арқылы белгілі бір саяси дәстүр қалыптастырдыңыз деуге болады. Осы орайда, «Turkistan» газетінің ұсынысын қабыл алғаныңыз үшін ризашылығымызды білдіреміз.

– «Turkistan» газеті 30 жылдан бері тұрақты шығып келеді. Бұл – Қазақстандағы ең ықпалды басылымның бірі. Газеттің атауында да өте үлкен мән-мағына бар. Басылым тілшілері ел ішіндегі өзекті мәселелермен қатар, тұтас түркі жұртына ортақ тақырыптарды да көтеріп жүреді. Бұл өте жақсы дәстүр деп санаймын.

Шетелде жұмыс істеп, түрлі салада табысқа жеткен қазақтар туралы мақалаларды қызығушылықпен оқимын. Қазақстан мен өздері тұрып жатқан елдер арасындағы ынтымақтастықты дамытуға үлес қосып жүрген осындай үш азаматты арнайы марапаттадым.

Газет-журналдар қайта өрлеу дәуірінің бастауында тұр. Себебі, әлеуметтік желі адамның ойлау (танымдық) қабілетіне зор зиян келтіріп жатыр. Жасы қырыққа жетсе де, білімі мен ой-өрісі он бес жастағы жасөспірімдер деңгейінде қалып қойған азаматтарды қазірдің өзінде кездестіруге болады.

Өз басым мерзімді баспасөзді жас кезімнен үзбей оқитыным рас. Әлі күнге дейін осы әдетімнен жаңылған емеспін. Қазіргі таңда баспасөз заман талабына бейімделіп, ақпарат айдынынан өз орнын тауып отыр. Газет тілшілері жан-жақты шолулар мен терең сараптамалар жасауға



баса мән береді, ағартушылықпен айналысады. Кәсіби әрі өз ісіне адал журналистер сапалы материалдар әзірлеп, дәстүрлі құндылықтарды сақтауға елеулі үлес қосып келеді. Мен сүйікті Отанымыздың игілігі үшін барлық салада табысты еңбек етіп жүрген мықты азаматтар туралы мәліметтерді көбінесе газеттерден аламын. Ел ішіне кең таралған TikTok, Instagram неме-

се Telegram арналары еңбек адамдарының шынайы тыныс-тіршілігінен алыс екенін өзіңіз де жақсы білетін шығарсыз.

Қоғамымыз елең етерлік жаңалық оқып, бейнежазба көрумен шектелмей, мән-мағынасы терең ақпараттың да қадірін білгені дұрыс деп санаймын. Көптеген жастарымыздың да дәл солай ойлайтынына қуанамын. Себебі, олар адам-

ды тығырыққа тірейтін елес-қиял әлемінде өмір сүруді емес, нағыз білім-ғылым жолына түсуді мақсат тұтады. Оқу мәдениеті жоғары елдер әрдайым жаһандық дамудың алғы шебінде бола беретіні сөзсіз. Бұған еш күмәнім жоқ.

2-5

АЛМАТЫНЫҢ ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ

Шаһарда жасанды интеллектті дамыту мәселелері талқыланды



Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды қалалық басқару жүйесінде және мегаполистің тіршілігін қамтамасыз ететін негізгі салаларда цифрландыруды дамыту және жасанды интеллект технологияларын енгізу мәселелері бойынша кеңес өткізді.

Шаһар басшысының айтуынша, талқыланған бастамалар Мемлекет басшысы жариялаған Цифрландыру және жасанды интеллектті дамыту жылы аясында жүзеге асырылады және қаланың әрі тұрғындардың нақты қажеттілігіне бағытталған қолданбалы сипатта болуға тиіс.


Кеңес барысында Алматының цифрлық трансформациясының басым бағыттары қаралды. Олардың қатарында тұрғындар үшін электрондық сервистерді дамыту, әкімдіктің ішкі үдерістерін цифрландыру, көлік, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, экология және қоғамдық қауіпсіздік салаларына, сондай-ақ білім беру мен денсаулық сақтау жүйесіне зияткерлік шешімдерді енгізу мәселелері бар.

Алматы қаласының әкімі цифрландыру қалалық қызметтердің сапасын арттыруға, басқарушылық шешімдердің ашықтығын қамтамасыз етуге және тұрғындар үшін қолайлылықты күшейтуге тікелей әсер етуге тиіс екенін атап өтті. Сондай-ақ, деректермен жүйелі жұмыс жүргізу мен цифрлық шешімдерді белсенді енгізу осы мақсаттарға қол жеткізудің негізгі шарттары екені айтылды.

Кеңес қорытындысы бойынша Дархан Сатыбалды 2026–2030 жылдарға арналған Smart City стратегиясы мен цифрлық трансформация жол картасында көзделген іс-шаралардың уақытылы іске асырылуын қамтамасыз етуді, электрондық сервистер мен азаматтардың өтініштерін өңдеу жүйесіне жасанды интеллект шешімдерін енгізуді жеделдетуді, сондай-ақ басты салалардағы цифрлық жобаларды іске асыру кезінде қалалық қызметтер арасындағы үйлестіруді күшейтуді тапсырды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:



www.aqshamnews.kz





ҚР Президенті Қасым–Жомарт ТОҚАЕВ:

ҚАЗАҚСТАН ЖАҢҒЫРУДЫҢ

(Басы 1-бетте)

– Сұхбатымыздың бас жағында әдеттегідей өткен жылдың қорытындысы туралы сұрағым келеді. Былтыр өте көп оқиға болғаны белгілі. Дегенмен, 2025 жылдың басты нәтижесі қандай деп ойлайсыз?

– Шынымен де, айтулы оқиғалар аз болған жоқ. Көзді ашып-жұмғанша бір жыл өте шықты, бұл сұрағыңызға табан астында жауап бере қою қиын. Мысалы, экономикамыз 6 пайыздан астам өсті. Ішкі жалпы өнім 300 миллиард доллар межесіне жетіп, жан басына шаққанда 15 мың доллардан асты. Бұл – елімізбен қатар, бүкіл өңір үшін рекордтық көрсеткіш. Жалпы, ойдағыдай жұмыс істелді дегуге болады. Бірақ мен барлық мемлекеттік қызметшілерге тоқмейілсіп, масайрап отыруға мүлде болмайтынын үнемі айтамын. Шығыс халықтары «Тегіс жолдың өзінде тосқауыл бар» дейді. Біз тынымсыз еңбектеніп, тек алға ұмтылуымыз керек. Оның үстіне, түйіні тарқатылмаған түйткілдер аз емес.

Бұл – ең алдымен, инфляция деңгейінің жоғары болуы. Соның салдарынан азаматтарымыздың әл-ауқатын арттыруға арналған еңбектің бәрі текке кетіп жатыр. Биыл Үкімет пен әкімдер мемлекетіміздің әлеуметтік-экономикалық тұғырын нығайту үшін көп жұмыс істеуі керек.

Дейтұрғанмен, еліміздің реформаларды жүзеге асыруға біржола бет бұрғанын өткен жылдың басты қорытындысы деуге болады. Қазақстан жаңғыру жолында қарышты қадам басып, барынша өркениетті ел бола бастады. Қоғамда өскелең ұрпақтың жарқын болашағы үшін түбегейлі өзгеріс жасау аса маңызды екені туралы нақты түсінік қалыптасты.

АҚШ президенті Трамптың «ақылға сыйымды ой» стратегиясының ықпалымен жаһандану үдерісі кейінге ысырыла бастады. Біз де Қазақстанда әділдік, заң мен тәртіп, еңбекқорлық сияқты мемлекетіміздің болашағы үшін айрықша маңызды қағидаттарға негізделген қоғам құрып жатырмыз. Ұзақ мерзімге арналған нәтижеге жету үшін бұл жұмыс жаңа жылда екі есе тың қарқынмен жалғасын табады.

– Былтыр жаңа Салық кодексі қызу талқыға түсті. Жұрттың көкейіне күдік-күмән ұялап, көптеген сауал туындады. Бір жағынан, қажетті экономикалық реформаларды жүргізуге мүмкіндік беретін, екінші жағынан, азаматтардың тұрмыс жағдайын төмендетіп жібермей, таразы басын тең ұстайтын тиімді жол бар ма?

– Әрине, салық реформасы – өзекті мәселе және бұған қатысты пікірталастардың болуы әбден түсінікті. Дегенмен, ел ішінде дүрбелең туғызып, жұртты дүрліктердің ешқандай жөні жоқ, мұндай реформа көптеген елде жүргізіліп жатыр. Мысалы, Ресейде қосымша құн салығы жуырда 22 пайызға дейін көтерілді.

Біздің реформамыз – қатардағы «фискалдық науқан» емес, салық жүйесін қайта құру деген сөз. Алдымызда тұрған басты міндет – экономиканың тұрақты өсімін қамтамасыз ету. Үкіметке ашық әрі ұғынықты Салық кодексын әзірлеу тапсырылды. Министрлер кабинетінің бұл тапсырманы қаншалықты табысты орындап шыққанын биыл көретін боламыз.

Бұрынғы Үкімет қосымша құн салығын, тіпті, 20 пайызға дейін көтеруді ұсынды. Олар фискалдық саясатқа кателік жіберілгенін ескере отырып, мұндай қадамның өте қажет екенін мойындады. Талқылау барысында қазіргі Үкімет те қосымша құн салығын 20 пайызға дейін көтеруді ұсынды. Алайда, мен Үкіметке оның жоғарғы шегін 4 сатыға төмендету туралы тапсырма бердім.

Жаңа Салық кодексінде бақылау жасауға емес, өзара серіктестік орнатуға баса мән беріледі, яғни осы үдеріске қатысушылардың бәрі – мемлекет те, бизнес те, азаматтар да өз міндетін адал орындауға тиіс. Бірін-бірі өзара толықтырып тұратын мұндай жүйеде салық төлеу ауыртпалық ретінде қабылданбайтын болады. Түптеп келгенде, салық төлеу дегеніміз – заманауи қоғамдық келісімшарт деген сөз. Салық төлесеніз – қызмет көрсетіледі, инфрақұрылым салынады, қауіпсіз орта қалыптасады, тың мүмкіндіктер пайда болады. Керек десеңіз, бұл – әділдік болу үшін жүктемені қайта бөлу құралы, әлеуметтік тұрғыдан әлсіздерді қолдау және экономикалық тұрғыдан «белсенді ортаны» одан әрі дамыту тәсілі.

Бүкіл әлемде фискалдық саясаттың тиімділігі оны жүргізудің сапасымен, жұрттың салық жөніндегі сауатымен және қоғамның сана-сезімімен өлшенеді. Салық төлеу мәдениеті дәл осылай қалыптасады. Салық төлеу бұрын міндет болса, енді отаншылдықтың озық үлгісіне айналады. Мұны сыбайлас жемқорлыққа қарсы қоғам құрудың төте жолы деуге болады. Себебі, салығын адал төлейтін азаматтар өз қаржысының алаяқтардың қалтасында кеткенін мүлдем ұнатпасаы анық.

– Экономикалық реформалар тауарлардың бағасы мен қызметтердің тарифіне салмақ салады. Жұрт бұған алаңдап отыр. Сіз Үкіметке осы мәселені шешуге арналған нақты шаралар жоспарын әзірлеуді тапсырдыңыз. Бұл жұмыс реформаның сапасы мен қарқынына әсер етпей ме? Азаматтарымыз әл-ауқатымызды жақсартады деп күтіп жүрген реформаның нәтижесін жоққа шығармай ма?

– Әлемдік тәжірибеге қарасак, реформалар қолға алынған кезде жұртшылық оны көп жағдайда түсінбей, қабылдамай жатады. Ондай кезде барлық жауапкершілікті арқалай алатын көшбасшының рөлі айрықша. Мен Мемлекет басшысы ретінде осындай жауапкершілікті өз мойныма аламын. Болашақта да бұған дайынмын. Менімен бірге жұмыс істеп жатқан азаматтар мұны жақсы біледі. Әрине, бұл кедергісі көп, қиын жол екенін түсінемін. Тарихта реформаторлардан гөрі басқыншылар мен популистердің аты көбірек қалып жатады. Бірақ Қазақстан үшін басқа жол жоқ. Біз бір жерде тоқтап қалмай, алға қарай нық қадам басу үшін реформаларды қалайда жүзеге асыруымыз керек.

Азаматтарымызға зияны тимеуі үшін қыс мезгілінде тарифтерді өсіру әкімшілік тәсілдер арқылы уақытша тоқтатылды. Сонымен бірге, Үкіметке бюджет қаржысын барынша тиімді пайдалану міндеті жүктелді. Экономикаға ақшаны орынсыз құя

беруге болмайды, бұл инфляцияны күшейтіп жібереді. Қатаң бюджеттік тәртіп керек. Қаржы ресурстары мемлекетке қажетті жобаларға ғана жұмсалуға тиіс. Былтыр қараша айында Үкімет, Ұлттық банк, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі бірлесіп, үш жылдық бағдарлама қабылдады. Құжат азаматтардың әл-ауқатын жақсарту үшін инфляцияны төмендетуге арналған.

Халықаралық сарапшылар Қазақстанның «орташа табыстар қақпанына» түсіп қалғанын дұрыс байқап отыр. Ашығын айтайын, бұл – экономика туралы оқулықтан алынған жалпылама ұғым емес, күн сайын көптеген азаматымыздың басынан өтіп жатқан өмір шындығы. Жұрт табыс тауып жатыр, тіпті, жақсы табыс табатындар да бар. Бірақ оның бәрін инфляция жеп қояды немесе ипотека төлеу, балаларды оқыту, ата-анаға көмектесу сияқты күнделікті тірлікке жұмсалып, жоқ болып кетеді. Ауырып қалу немесе жұмыстан айырылу секілді кез келген көлденең кедергі тұрмыстағы тұрақтылықты бұзып жіберуі мүмкін.

Мен кезінде баспана алу, балалардың оқу ақысын төлеу, емделу үшін зейнетақы жинағын пайдалануға рұқсат беру туралы шешім қабылдадым. Көбісі солай жасады, бұл шешімге ризашылықтарын да білдіріп жатты. Бірақ әдеттегідей, стоматология қызметін көрсетеміз деген желеумен зейнетақы қорынан 200 миллиард теңгеден астам қаржы жымқырған алаяқтар да табылып жатыр. Осы медициналық қызмет түріне зейнетақы жинағын пайдалануға тыйым салуға тура келді. Бірақ басқа да қитұрқы тәсілдер пайда болды, тіпті, пластикалық отаға төлем жасайтындар бар.

Ал бизнес өкілдеріне келер болсақ, олар жұмыс орындарын ашып, салықтарын адал төлейді. Алайда, несие өсімінің жоғары болуы, айналымдағы қаражаттың аздығы олардың кең ауқымда дамуына, жаңа нарықтарға шығуына, заманауи технологияларды енгізуіне мүмкіндік бермей тұр.

Экономиканың құрылымы өзгеріп жатыр. Дегенмен, меніңше, өзгеріс қарқыны баяу. Халықаралық қаржы институттары мен рейтинг агенттіктерінің бағалауынша, елімізді бақауатты, тіпті, бай мемлекет деп атауға болады. Бұл сөздің жаны бар. Соған қарамастан, экономикамызда теңсіздіктер әлі де сақталып отыр. Оның бәрін шұғыл реттеп, түзу жолға салуымыз керек. Біз бұл жағдайды білеміз, оны жұрттан жасыратын ойымыз жоқ. Мұндай қиындықты көптеген мемлекет басынан өткеріп жатыр. Біз «өсім ауруы» мәселесін міндетті түрде шешеміз. Нақты жоспарымыз бар.

– Қазақстан былтыр энергетикалық және коммуналдық секторда реформа жасауға кірісті. Бұл – Тәуелсіздік жылдарындағы ең ауқымды реформа. Осы бағыттағы жұмыстар әбден тозған инфрақұрылымды жаңғырту мәселесін шеше ала ма?

– Шынымен де, Үкімет энергетикалық және коммуналдық нысандарды жаппай жаңғырту жұмыстарын қолға алды. Ұзындығы жүздеген шақырым болатын инженерлік желілер мен электр қуатын тарататын желілер салуымыз керек. Бүгінгі таңда осы ауқымды жобаның есеп-қисабы әзірленіп жатыр.

Қазірдің өзінде қауіпті «қызыл» аймақта тұрған жылу электр станцияларының саны 19-дан 10-ға дейін азайды. Қабылданған шаралардың нәтижесі көріне бастады. Нысандардың апаттық жағдайға тап болу қаупі сейіліп келеді.

Дегенмен, әбден тозып, әупіріммен әрең тұрған инфрақұрылымды қалпына келтіру жеткіліксіз, жұмыс тәсілін өзгерту керек. Сондықтан жаңғырту шаралары ең басты міндетті шешуге тиіс, яғни салаға инвестиция салу үшін қолайлы жағдай жасап, нағыз нарықтық тетіктер қалыптастыруы қажет.

Үкіметтің шұғыл шаралары мәселенің түпкі мәнінен туындап отыр. Себебі, энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы кез келген мемлекеттің өмір сүруіне аса қажетті тұғыр саналады. Бұл негіз шайқалса, басқасы түгел күйрейді.

Тамыры тереңге кеткен экономикалық мәселелерге ондаған жылдар бойы назар аударылған жоқ. Қалалар мен ауылдардағы инфрақұрылым тозды, энергетика нысандары мен коммуналдық желілер әбден ескірді.

Қордаланған түйткілдер күрмеуі қиын күрделі мәселеге ұласты. Бұл сала жыртық-тесігін жанталаса жамап-жасқап, бюджет қаржысын үздіксіз құюға тура келетін «коммуналдық аждаһаға» айналды. Бұған жұрттың еті үйреніп, азаматтар шарасыз күйге түсті.

Соған қарамастан, біздің үкіметтеріміз «авгийдің атқорасын» тазалауға асыққан жоқ. Себебі, мұндай күрделі жұмыс ешкімге жақсы атақ әкелмес еді. Ең дамыған отыз мемлекеттің қатарына қосылу сияқты «керемет» бағдарламалар әзірлеп, оның «табысты» орындалғаны туралы баяндау әлдеқайда жеңіл болатын. Шындықты жасырып, бір сәттік алдамшы жетістіктерге ұмтылу ақырында мемлекетіміз үшін тым қымбатқа түсті.

Шынымды айтайын, жеке абыройымды ойласам, мен де бұл жұмысты келесі басшылыққа ысыра салар едім. Бірақ халықтың көзі үйренген таптарын түсініктерге қайшы келсе де, мен үшін қағаз жүзінде емес, іс жүзінде нақты нәтижеге қол жеткізу бәрінен де маңызды.

Электр қуатының арзандығы кімге тиімді болды? Табысы шамалы көпбалалы отбасыларға емес, ірі кәсіпорындарға өте тиімді болды.

Арзан жанар-жағармайдың қызығын кім көрді? Әдетте, қоғамдық көлікпен жүретін студенттер мен зейнеткерлер емес, билікке жақын жүретін, қазір жұрт олигархтар немесе олигополия деп атайтын кәсіпкерлер көрді.

Коммуналдық қызметтердің тарифін төмен ұстап тұру кімге ыңғайлы болды? Әр түбіртектегі соманы уақытылы төлеп отырған адал азаматтарға емес, «коммуналдық былық-шылықты» пайдаланып, қалтасын қалыңдатқан делдал-кәсіпкерлерге қолайлы болды.

Посткеңестік кеңістіктегі ең төмен бағалар мен тарифтер Қазақстанға тиесілі. Соның салдарынан біз амалсыздан арзан жанар-жағармайды көрші мемлекеттерге астыртын тасымалдайтын, сол арқылы олардың экономикасына демеу көрсететін елге айналдық.

Сол себепті, тарифтің төмен болуы қарапайым тірлік кешіп

жатқан адамдарға пайдалы деген жалған сенімнен арылатын уақыт жетті. Іс жүзінде бұл – ауқатты азаматтарға жасырын түрде берілетін субсидия.

Әлеуметтік әділдікті қалпына келтіру үшін, ең алдымен, мәселені шешу жолдарын өзгерту қажет. Мемлекет көмекке шын мұқтаж адамдарға ғана тікелей, атаулы өтемақы төлеу арқылы қолдау көрсетуге міндетті. Сондықтан тарифтерді көтеру – ақылға қонымды, яғни тиімді және әділ экономика құру үшін аса қажет қадам. Кім қанша тұтынаса, сонша төлейді, қолдауға шынымен зәру адамдарға ғана көмек беріледі. Тарифтер әділетті болуы керек, яғни «неғұрлым көп тұтынған, соғұрлым көп төлейді» деген қағидат берік орнығуға тиіс. Мен осындай нақты міндет қойып отырмын. Алғашқы оң нәтижелер бар. Төлем жүйесіне сараланған тәсіл енгізілді. Суды және электр қуатын барынша үнемдеп пайдаланатын тұрғындар «тұтынудың әлеуметтік нормасына» сәйкес төлемді ең төмен тарифпен төлейтін болды.

Бұл қадам бұрынғы жүйеден бас тартып, әлеуметтік игіліктерді әділ бөлетін жүйе құруға мүмкіндік береді. Елдің ресурстарын таңдаулы адамдар емес, барша жұрт бірдей пайдалануға тиіс. Сонда ғана заманға сай инфрақұрылым мен тиімді энергетика жүйесін қалыптастыра аламыз. Осылайша экономиканың сапалық тұрғыдан өсуіне зор серпін береміз.

– Сіз Қазақстан үшін көлік және логистика саласының маңызы артып келе жатқанын жиі айтасыз. Бұл бағыттағы жұмысты негізгі басымдық ретінде белгілеп бердіңіз. Осы саланы дамыту үшін қандай шаралар қабылданды және алда қандай жоспарлар бар?

– Еліміз үшін көлік-логистика саласының әлеуетін арттыру – стратегиялық маңызы бар міндет. Теңізге тікелей шығатын жолы болмаса да, Қазақстан Еуразия құрлығының кіндік тұсында, яғни негізгі транзиттік күре жолдар тоғысқан жерде орналасқан. Бұл – үлкен артықшылық, біз оны ел игілігіне жарата білуге тиіспіз. Мақсат-мүддемізге сәйкес Қазақстанды Еуразияның көлік айлағы (хабы) ретінде қалыптастыру – бұл салада атқарылатын жұмыстың басты бағыты.

Осы орайда, жақында іске қосылған «Достық – Мойынты» жаңа теміржол магистралінің мән-маңызын атап өткім келеді. Бұл жоба осы жол арқылы Қытай мен Еуропа арасында тасымалданатын жүк көлемін бес есе арттыруға мүмкіндік береді. «Мойынты – Қызылжар», «Бақты – Аягөз», «Дарбаза – Мақтаарал» теміржол желілерін жаңадан іске қосу жоспарымызда тұр. Жалпы, 2030 жылға дейін 5 мың шақырым теміржолды салып, жаңғырту және 11 мың шақырым теміржолды жөндеу көзделіп отыр.

Елорда мен батыс аймақтардың арасындағы қашықтықты 500-ден астам шақырымға қысқартатын «Орталық – Батыс» күре жолы құрылысының стратегиялық маңызы өте зор.

Біз ел шекарасынан тыс жерді де қамтитын кең ауқымды көлік жүйесін құра алдық. Қазақстан мұхит жолдарынан тысқары тұрса да, Сары теңіз бен Қара теңіздің арасында жүк терминалдарының желісін қалыптастырды. Еліміздің аумағы арқылы өтетін 12 халықаралық көлік дәлізі, атап айтқанда, 5 темір жол, 7 автокөлік дәлізі бар. Қытай мен Еуропа арасында құрлықпен жеткізілетін жүктің шамамен 85 пайызы осы жолдармен тасымалданады.

Әрине, мұның бәрі – табысқа оп-оңай жете қоямыз деген сөз емес. Бұл саладағы бәсеке күшейіп келеді. Себебі, көлік және логистика мәселесі геосаясаттың ажырамас бөлігіне айналды. Осы тақырып жоғары деңгейдегі келіссөздердің күн тәртібіне біржола енді. Сондықтан Қазақстан үшін де оның айрықша маңызы бар.

Еліміз Қытайдың «Бір белдеу – бір жол» атты мегажобасын, «Солтүстік – Оңтүстік» дәлізін және Транскаспий көлік бағытын, яғни «Орта дәлізді» дамытуға белсене атсалысып келеді. «Ресей – Қазақстан – Түрікменстан – Иран» бағытымен теңіз аймақтарына шығып, жүк тасымалдаудың болашағы зор деп санаймыз. «Орта дәліздің» жұмысына Қытайдың қосылуын құптаймыз.

Жалпы, бұл саланың әлеуеті өте жоғары. Мұнда тек инфрақұрылым туралы сөз болып отырған жоқ. Экономиканың барлық дерлік секторы осы іргелі салаға келіп тоғысады. Сондықтан Үкіметтің алдына заманауи инженерлік және сервистік инфрақұрылымы бар көлік-логистика тораптарын салу, теңіз порттарын, әуежайлар мен теміржол вокзалдарын жаңғыртып жөндеу, сондай-ақ тиімді цифрлық экожүйе қалыптастыру міндеті қойылды.

– Мемлекет кейінгі жылдары ауыл шаруашылығын дамытуға баса мән беріп отыр. Бұл шаруамен үкіметтердің бәрі айналысты. Бірақ осы аса маңызды саладағы түйткілдер ақыры шешімін тапқан жоқ. Әр министр өз бағдарламасын жүзеге асырмақ болды. Соның салдарынан қыруар ақша құмға сіңіп жоқ болды. Енді біз еліміздің бұл саладағы әлеуетін ойдағыдай пайдалана аламыз ба?

– Мемлекеттердің көбі ауыл шаруашылығына бюджеттен қыруар қаржы бөледі. Солардың қатарында Қазақстан да бар. Шаруаларға 2024 жылғы 580 миллиард теңге, былтыр 1 триллион теңге жеңілдетілген несие берілді. Бұл – өте қомақты қаржы. Соңғы он жылда шаруаларға көрсетілген қолдаудың көлемі 10 есе артты, бірақ оның тиімділігі күмән тудырады. 2015–2024 жылдары ауыл шаруашылығындағы жалпы өнім көлемі 2,5 еседен астам өсті. Бұл көрсеткішті одан да көбейтуге болар еді.

Есесіне, егін шаруашылығындағы нәтижелер өте жақсы болды. Астық пен ұн экспорты рекордтық деңгейге жетті, өнім жеткізілетін елдердің географиясы кеңейе түсті. Бұл – егіннің шығымдылығы мен ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігін арттыруға арналған шаралардың нақты нәтижесі.

Енді басқа бағыттардағы жұмысты күшейту қажет. Ең алдымен, мал шаруашылығын дамыту керек. 2035 жылға қарай әлемде мал етін тұтыну көлемі 233 миллион тоннаға дейін өседі. Соған сәйкес, оның импорты 27 миллион тоннаға дейін артады. Қазақстанның, сыртқа, әсіресе, Азия елдеріне ет шығаратын ірі экспорттаушыға айналатын мүмкіндігі бар. Сондықтан былтыр қарашада өткен Ауыл шаруашылығы еңбеккер-



ЖАҢА КЕЗЕҢНЕ ҚАДАМ БАСТЫ

лерінің екінші форумы дәл осы мал шаруашылығы саласына арналды.

Билік ауыл шаруашылығын сапалық тұрғыдан дамыту үшін көп жұмыс істеп жатыр. Бірақ қомақты инвестиция құю қалаған нәтижеге жеткізе бермейді. Оның тиімді жұмсалыуына баса назар аудару керек. Мен бұл туралы жуырда Таразға барған сапарымда айттым.

Іргелес елдердің бірде-біреуінде ауыл шаруашылығына мемлекет тарапынан мұндай ауқымды көмек көрсетілмейді. Ол жақтағы шаруалар Қазақстандағы әріптестеріне жақсы жағдай жасалғанына таңқалып, оларды «ағрарлық олигархтар» деп атай бастады. Дегенмен, еліміздегі шағын шаруашылықтар жеткілікті көлемде субсидия ала алмай отыр. Үкіметке осы мәселеге айрықша назар аудару туралы тапсырма берілді.

Әлбетте, субсидиялар керек. Әсіресе, қазіргі кезеңде өте қажет. Бірақ мұның кері әсері де бар. Себебі, масылдық пияғыл туғызып, ауыл шаруашылығына қауіп төндіруі мүмкін. Сондықтан қазір Үкімет кооперативтерге, яғни шаруалар бірлестігін құруға қайта оралу мәселесін қарастырып жатыр. Кооперативтер еңбек өнімділігін және ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігін арттыра алады. Сондай-ақ, дайын өнімді сататын нарықтарға жақын болуға, тұтынушылармен ұзақ мерзімге арналған қатым-қатынас орнатуға жол ашады.

Дамыған елдердегі кооперация жақсы қырынан көрініді. Тіпті, ірі корпорация деңгейіне жеткен бірлестіктер бар. Қазақстанның барлық ауылында табысты кооперация құруға негіз болатын алғышарттар жеткілікті. Шаруалар жазда малын бағып, сүт, ет, тері, жүн жинап, оны өңдеу үшін күш біріктіре алады. Солай етуге тиіс те. Күнкөрістен өсіп-өркендеуге бастайтын жол – осы. Кооперацияны бірлік пен жасампаздық идеологиясы деп те қарастырған дұрыс.

Бірақ кооперация өзінен өзі пайда бола салмайды. Ел ішінде егжей-тегжейлі түсіндіру және ұйымдастыру жұмыстарын қолға алу қажет. Алайда, бірлестік құру ісін науқанға айналдырып, жұртқа қысым көрсетуге, оларды мәжбүрлеуге жол берілмейді.

– **ЖІІ талқыланатын тақырыптың бірі – туризм. Былтыр әлемдік деңгейдегі кейбір ақпарат құралдары Қазақстанды саяхат жасауға ең лайық елдердің қатарына қосты. Дегенмен, еліміздегі курорттар мен танымал туристік орындардың жаппай қонақ күтуге дайындығына күмән жоқ емес.**

– Мұндай күмәннің туындауы заңды. Мен Үкіметке ескерту жасағаннан кейін туризмді дамыту жұмыстары жандана түсті. Алайда, алдымызда ұзақ та күрделі жол тұр. Бұл – экономика, мәдениет, қауіпсіздік және бизнес – барлығы бір жерге тоғысатын күрделі сала. Мұнда өз жұмысына жан-тәнімен берілген кәсіби мамандар, ең бастысы, нағыз отаншыл азаматтар жұмыс істеуі керек. Туризм саласында жалқаулық пен немқұрайлылыққа, ашкөздік пен дөрекілікке жол жоқ.

Былтыр Қазақстанға миллиондаған шетел азаматы келді. Ішкі туризм қарқынды дами бастады. Мұның бәрі – өте жақсы үрдіс.

Әлем елдері туристерді тарту үшін жеке инвесторларға қолайлы жағдай жасап отыр. Біздің елде көрікті жерлер өте көп. Қазір экотуризмге деген сұраныс жоғары. Осы тұрғыдан алғанда, Қазақстанға тең келетін ел жоқ секілді көрінеді. Алайда, белгілі бір себептерге байланысты, соның ішінде жауапты тұлғалардың біліксіздігі мен немқұрайлығының кесірінен туризмнің болашағы зор осы бір саласы әлі күнге дейін кенже қалып отыр. Әзірге таныстыру, яғни презентация жұмыстарынан әрі аса алмай жатырмыз.

Туризмнің дамуына тұмса табиғатты қорғау деген желеумен кез келген жобаға қарсы науқан ұйымдастыратын кейбір «экобелсенділер» зиян келтіріп отыр. Көпшілігінің табиғатта шаруасы да жоқ. Олар өзінің танымалдығын арттыру үшін қоғамды дүрліктіруді, қазіргі тілмен айтқанда, «хайп» жасауды ғана көздейді. Туризм бизнесінде әбден еккі болған, бәсекелестердің шыққанын қаламайтын кәсіпкерлер кейде олардың қолтығына су бүркіп отырады.

Тау шаңғысы туризміне қатысты жағдай да осыған ұқсас. «Шымбұлақ» Алматы қаласының орталығынан небәрі жарты сағаттық жердегі ерекше табиғаттың ортасында тұр. Әлемде оған тең келетін демалыс орны кемде-кем. Алайда, көптен бері ештеңе жасалмаған курорттың сыны да, сыры да кетіп, тозып барады. Табиғаттың тамаша тартуы саналатын осы көрікті мекенді дамыту үшін тың тәсілдер қажет. Қазір еліміздегі тәжірибелі девелоперлік компания іске кірісті. Бірақ Үкімет пен әкімдіктің қолдауына қарамастан, жұмыс барысы дайындық және таныстыру шараларынан аса қойған жоқ. Ал көрші елдерде тау шаңғысы инфрақұрылымы қарқынды салынып жатыр.

Алматы тау кластерінің әлеуеті өте зор. Бұл салада ауқатты адамдарға да, орташа табысы бар азаматтарға да бірдей қызмет көрсетілуге тиіс. Сондықтан ондағы туристік инфрақұрылымды әртараптандыру мәселесіне назар аудару қажет.

Туризм саласындағы кадр тапшылығы – өте өзекті мәселе. Сондықтан Түркістанда Халықаралық туризм және меймандостық университеті ашылды. 2024 жылы оқу ордасының алғашқы түлектері дипломдарын алып, еңбек нарығына қосылды. Алайда, бұл – жеткіліксіз. Кадр мәселесін шешу үшін қосымша шаралар қабылданады.

Дегенмен, салымыз суға кетіп, еңсемізді түсіріп отыруға да болмайды. Әлемдік деңгейдегі таблоидтар саяхатшыларға Қазақстанда демалуды ұсынып жатса, екі есе қарқынмен жұмыс істеуіміз керек. «CNN Travel» 2025 жылы Алматыны Орталық Азиядағы «сәні мен салтанаты жарасқан жаңа астана» деп атады. Алматы қаласының әкіміне шаһарды күндіз-түні қонағы үзілмейтін Нью-Йорк, Мәскеу, Париж сияқты «ешқашан көз ілмейтін қалаға» айналдыру тапсырылды. Қалада инфрақұрылымды жақсарту, абаттандыру, жарықтандыру бағытында әлі де көп жұмыс істелуі керек.

– **Жасанды интеллекттің дамуы туралы сұрағым келеді. Сіз халыққа Жолдауыңызда Қазақстанды үш жылдың ішінде цифрлық елге айналдыру қажет деген нақты міндет жүктедіңіз. Ал Жаңа жылға арналған құттықтау сөзіңізде 2026 жылды «Цифрландыру және жасанды ин-**

теллект жылы» деп жарияладыңыз. Көздеген мақсатқа жету үшін не істеледі? Бастамаңыздың шын мәнінде табысты боларына сенесіз бе?

– Қазақстан цифрлық державаға айналуы керек. Бұл – қазіргі жаңа технология дәуірінде өркениетті ел болып қалудың бірден-бір жолы. Халқымыздың ой-санасы мұндай инновацияларға дайын екеніне сенімдімін. Оның үстіне, Қазақстанда азаматтарымыздың өмір салтын едәуір өзгерткен танымал финтех компаниялар табысты жұмыс істеп жатыр.

Технология саласындағы нағыз әлемдік алпауыттар – АҚШ пен Қытай арасындағы бәсеке қыза түсті. Америка басшысы АҚШ-тың үстемдігін нығайту үшін арнайы бағдарлама жүзеге асырыла бастағанын мәлімдеді. Қытайдың да шегінетін ойы жоқ, олар мұны ұлттың абырой-беделіне қатысты мәселе деп санайды. Қазірдің өзінде Қытайда жасанды интеллект мәселесімен айналысатын бес мыңға жуық компания жұмыс істеп жатыр. Басқа дамыған мемлекеттер де қамсыз отырған жоқ.

Қазақстан да экономика мен қоғамдық өмірге жасанды интеллектіні енгізуге басымдық беріп жатыр. Еліміздің бұл жұмысқа қатысты бастапқы мүмкіндігін жаман емес. Мемлекет көрсететін қызметтерді, қаржы технологияларын, экономика-ның бірқатар секторын цифрландыру ісінде нақты жетістіктеріміз бар. IT-старттаптарды қолдайтын толыққанды экосистема тиімді жұмыс істеп тұр. Екі мың компанияның басын қосқан Astana Hub инновациялық кластері де бар. 2025 жылы IT-қызметтердің жалпы экспорты бір миллиард долларға жуықтады. Цифрлық активтерге арналған CryptoCity пилоттық аймағы құрылып жатыр. Жедел дамитын Alatau city қаласының құрылысы басталды. Мемлекеттік деректерді жинау және талдау жұмысының қарқыны күшейіп келеді. Кәсіби мамандар мұндай деректерді алдағы дәуірдің жаңа алтыны деп санайды.

Былтыр мамыр айында Жасанды интеллектіні дамыту жөніндегі кеңес жұмысын бастады. Оған шетелдің және еліміздің беделді сарапшылары шақырылды. Қарашада «Жасанды интеллект туралы» заңға қол қойылды, жаңа заң жақында күшіне енеді. Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі құрылды. Alem.Cloud және Al-Farabium деп аталатын екі суперкомпьютер іске қосылды, Астана әкімдігі Біріккен Араб Әмірліктерінің танымал компаниясымен бірлесіп, дербес платформа құрды.

Кәсіби кадрларды даярлау үшін мектептер мен университеттерде тиісті білім беру бағдарламалары жүзеге асырылып жатыр. Мәселен, 650 мыңнан астам студент Al-Sana бағдарламасы аясында білім алды. Көп ұзамай Жасанды интеллект мамандандырылған зерттеу университеті ашылады.

Жасанды интеллект пайда болғаннан бері болашақтың кемесіне мініп үлгеретін елдер мен ескі заманда қалып қоятын елдердің арасы алшақтай бастады. Сондықтан мен цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектіні Қазақстанның даму жолындағы басым бағыт деп жарияладым. Биыл өте көп шаруа атқарылады. Осы айрықша маңызды жұмыстың табысты боларына сенемін.

– **Сіздің стратегиялық қоспарларыңыздағы ядролық энергетиканың орны қандай?**

– Сенімді энергия көзі болмаса, Қазақстан экономиканың жаңа технологиялық үлгісіне көше алмайтынын түсінуіміз керек. Суперкомпьютерлерге, дата-орталықтар мен автоматтандырылған өндіріс кешендеріне өте көп энергия қажет. Бұл – жаңа жаһандық технологиялық құрылыстың басты талабы.

Қуат көздерін салу үшін білікті мамандар керек. Капитал қоры шамамен 4,5 триллион доллар болатын әлемдегі ең ірі компания – NVIDIA-ның басшысы жақында «көк жағалылар», яғни техникалық мамандық иелері мультимиллионерлер қатарына қосылады деп болжам жасады.

Бірнеше атом станциясын салу – біріншіден, тарихи олқылықтың орнын толтыру деген сөз. Себебі, уран өндірісі бойынша әлемде көш бастап тұрған елдің бірде-бір атом электр станциясын салмауы мүлдем ақылға қонбайды. Екіншіден, бұл қадам Қазақстанның абырой-беделін нығайта түседі. Біз атом станцияларын салу арқылы техникалық интеллигенцияның жаңа буынын қалыптастырамыз. Тиісінше, мемлекеттік саясаттың түпкі мәнін өзгертеміз. Осыны қаперден шығармаған жөн.

Тағы бір өте маңызды тақырып – жер қойнауында сирек кездесетін металдар. Болашақта ондай материалдарға деген сұраныс арта береді, алдағы бес жылдың өзінде бұл сұраныс екі есе өседі. Осы ретте Қазақстан үшін тағы бір мүмкіндік ашылады. Еліміз жер қойнауында сирек кездесетін минералдар қоры бойынша әлемдік көшбасшылар қатарына қосылуы әбден мүмкін. Қазақстан стратегиялық маңызы бар осы саладағы өз рөлін күшейту үшін АҚШ, Қытай, Ресей, Оңтүстік Корея, Жапония елдерімен және Еуропа Одағының бірқатар мемлекетімен ынтымақтастығын дамыта бастады.

– **Тағы бір тақырыпқа ойыссақ. Жұртты бұрыннан толғандырып жүрген мәселелер бар. Мысалы, кейбір ірі бизнес өкілдерінің өмірі сан-салтанатқа толы. Олар қалталы азаматтардың да, қарапайым адамдардың да қамын ойлап өмір сүруді қашан үйренеді?**

– Бизнес – кез келген елдегі экономиканың негізгі тірегі. Біз ұзақ жолды жүріп өттік. Осы жолда жұрт жеке меншік институтына ешкім қол сұқпауға тиіс екенін түсіне бастады.

Мен мемлекеттік билік жүйесінде жоғары лауазымды қызметтерді атқара жүріп, сөзбен де, іспен де ұлттық буржуазияның заңды мүддесін қорғауға тырыстым. Себебі, экономиканы өркендету және мемлекеттің қоғамдық негіздерін нығайту ісінде кәсіпкерлер елеулі рөл атқаратынын жақсы түсінемін.

Тарихи себептер мен ұлт болмысындағы ерекшеліктерге байланысты ірі бизнесмендеріміз қарапайымдылық, ұстамдылық сияқты қасиеттерге мән бере қоймайтыны рас.

Мен Швейцарияда жұмыс істеп жүргенде аса ірі әрі белгілі кәсіпкерлермен кездесулер өткіздім. Сол кезде олардың өз қаражатын өте үнемдеп жұмсайтынын және елден дараланып көзге түскісі келмейтінін көріп, таңқалдым. Миллиардтаған қаржысы бар адамдар қонақұйдің қарапайым бір бөлмесінде тұруға намыстанбайды. Жеке ұшақпен ұшпақ түгілі, бірінші санаттағы орындарға да отырмайды. Бірақ бұл – олардың бойында ғасырлар бойы қалыптасқан дағды.

Ал біздің кәсіпкерлеріміз үшін қалыпты көрінетін өмір салты кейде қоғамның наразылығын тудырып жатады. Мұндай жағдай көптеген елде бар. Сол үшін де қайырымдылық қызмет жұмыс істейді. Бұл – қоғам мен бизнес арасындағы өзара келісім іспеттес.

– **Сіз Республика күні қарсаңында өткен азаматтарды мемлекеттік наградалармен марапаттау рәсімінен кейін кәсіпкерлермен жеке кездесіп, оларға наразылығыңызды ашық айттыңыз деп естідік. Құпия болмаса, әңгіме не туралы болды?**

– Жаңа ғана сөз болған қайырымдылық туралы, отаншылдықты жасампаз іспен көрсету жөнінде сөйлестік. Бізге халық алдындағы жауапкершілігін жақсы білетін әрі соны терең түсінетін ұлттық буржуазия керек.

Себебі, халық болмаса, олар ешқашан табысқа жете алмас еді. Мен қоғамның игілігіне қызмет ету билік жүктеген міндет емес, мәртебелі парыз екенін тағы да олардың есіне салдым. Осы орайда, шетелде табысқа жетсе де, туған жерін ұмытпай, халқына көмектесіп жүрген ірі кәсіпкерлерді жақсы үлгі ретінде атап өттім. Ондай азаматтар ауқымды жобаларды жүзеге асырып жүр. Қалаларда инфрақұрылым салып, жөндеп, мұражайлардың, емханалар мен мектептердің құрылысын қаржыландырып жатыр.

Қазақстанда көп нәрсе өзгерді. Қоғамдық сана жаңғыра түсті, мемлекеттік басқару жүйесі жаңарды, саяси қайраткерлер ауысты. Ірі кәсіпкерлер ғана жүрісінен жаңылмай, бәз-баяғы қалпында келе жатыр. Бірақ бұл, бір жағынан, биліктің бизнеске көзқарасы дұрыс екенін көрсетеді.

Кәсіпкерлердің бәрі бірдей мемлекеттің қолдауын дұрыс түсіне бермейді, әрдайым солай болуға тиіс деп қабылдайды.

Олар ауқымды жобаларды бастап алып, қит етсе Үкіметтен көмек сұрайды. Мен оларға «бизнеспен айналысып жатқан сіздер ме, әлде Үкімет пе?» деп сұрақ қойдым.

Қитұрқы саяси ойындармен әуестеніп кеткен кейбір кәсіпкерлерді сынауға тура келді. Бизнесмендер ел экономикасын өркендету үшін жұмыс істеуі керек. Тіпті, кәсіптің жілігін шағып, майын ішкен Илон Масктің өзі саясатқа белсенді араласпау туралы шешім қабылдады.

Отандық бизнес өкілдері тарихымызда бұрын-соңды болмаған алапат тасқын кезінде елдік істен шет қалған жоқ, апат салдарын жоюға қаржылай көмек көрсетті. Бұл – қуанарлық жағдай.

Мен қайырымдылықпен айналысып жүрген азаматтарды қолдау үшін арнайы «Мейірім» орденін енгіздім. Елге жана-шырлық көрсетіп, әлеуметтік жауапкершілік танытқан кәсіпкерлер биылдан бастап осы жауап наградаға ие болады. Осылайша олардың қоғам алдындағы абырой-беделі мен мәртебесі айқындалады.

– **Тағы бір өзекті тақырып. Қаңтар оқиғасына қатысқан бірқатар азаматқа байланысты сот процесі туралы ақпарат БАҚ беттерінде былтыр ара-тұра жарияланып тұрды. Тергеу амалдары әлі жүріп жатыр ма?**

– Бұл тақырыпқа қатысты негізгі мән-жайдың бәрі әлдеқашан белгілі болды. Сол оқиғалар бойынша тергеу жүргізу кезінде құқық қорғау органдары азаматтық қоғам өкілдерімен тығыз байланыста жұмыс істеді. Бірқатар қоғамдық комиссия құрылып, оған белгілі заңгерлер жетекшілік етті. Мұндай қадам жұмыстың бейтарап ұстаныммен жүргізілуіне, сол арқылы барлық оқиғаның ақ-қарасын анықтауға мүмкіндік берді. Осы орайда, азаматтық жауапкершілік танытып, кәсіби біліктілігін көрсеткені үшін оларға ризашылығымды білдіргім келеді.

2022 жылдың наурыз айында Парламентте арнайы қоғамдық тыңдау өтіп, бұл оқиғаға және еліміздің конституциялық құрылымын бұзбақ болған қылмыскерлердің әрекетіне егжей-тегжейлі баға берілді.

Иә, кейбір сот процестері, сондай-ақ, қаңтарда ұрланған көптеген қаруды іздетіру жұмыстары әлі жалғасып жатыр. Сол күндері қылмыскерлер үш мыңнан астам қару-жарақты иемденіп кеткен еді. Бірақ күштік құрылымдардың арқасында қару-жарақ жасырылған қоймалардың көбі табылды.

Қаңтар оқиғасын талқылайтындар көбінесе сол кездегі дағдарыстың түпкі мәнін түсінуге еш пайдасы жоқ дүниелерді қазбалап кетеді. Сол үшін оларды кінәлауға да болмас. Дегенмен, ақиқат жолында ешқашан қызбалыққа салынбау керек. Алматыдағы аласапыран туралы жиі айтылып жатады, мұны түсінуге де болады. Бірақ зұлымның сиқырлы таяқшасымен жасалғандай адам сенгісіз жағдайлар болғанын да естен шығармау керек. Нақтырақ айтқанда, бүлікті ұйымдастырушылардың әмірімен бір мезетте он екі қалада жаппай тәртіпсіздік белең алды. Оның арты қаскөйлердің көптеген облыс әкімдіктері мен құқық қорғау органдарының ғимараттарын басып алуына әкеп соқтырды.

«Төңкеріс» жасауға әбден машықтанған мамандардың жетекшілігімен тәртіпсіздікті ұйымдастырушылар Үкіметтің жанар-жағармай бағасын өсіру туралы шешімін желеу етіп, адамдарды жаппай шеруге шығуға итермеледі. Сосын азаматтардың, мемлекеттік қызметшілердің, бір таңқаларлығы, күштік құрылым қызметкерлерінің едәуір бөлігінің арасында дүрбелең туғызды. Олар қару-жарақ пен құпия құжаттарды қараусыз қалдырып, жұмыс орындарын тастап, кете бастады. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің және Ішкі істер министрлігінің кейбір басшылары сын сағатта Отан алдындағы адалдығын сақтап қала алмады, кәсіби деңгейі де төмен екенін көрсетті.

Осындай жағдай, әсіресе, бүлікшілердің басты нысанасы болған Алматыда анық байқалды. Әскери қызметшілер мен қала тұрғындары қатты қорлыққа ұшырады. Әкімшілік ғимараттар, сауда орталықтары, дүкендер мен банктер қирап, өртке оранып, тоналып жатты. Мұндай жүгенсіздікке қарсы төтенше шаралар қабылдау қажет болды. Қазір, арада біраз уақыт өткен соң, пиғылы арам әрі сана-сезімі таяз кейбір адамдар мемлекетіміздің елді құрдымға жібере жаздаған сұмдық берекесіздіктен аман қалғаны жайлы әңгімені әдейі айналып өтіп, қасақана ойына келгенді айтып жүр.



ҚР Президенті Қасым–Жомарт ТОҚАЕВ:

ҚАЗАҚСТАН ЖАҢҒЫРУДЫҢ

(Жалғасы. Басы 1, 2, 3-беттерде)

– Қаңтар оқиғасынан кейін сіз олигополияға қарсы күресті қолға алып, заңсыз иемденген активтерді мемлекетке қайтару жөнінде бастама көтердіңіз. Сол үшін Бас прокуратураның жанынан арнайы комитет құрылды. Бірақ былтырғы Жолдауыңызда бұл құрылымның атауын Инвесторлардың құқығын қорғау жөніндегі комитет деп өзгерту туралы тапсырма бердіңіз. Жұрт бұл шешімді жете түсініксіздікпен алып отыр. Мұндай қадам заңсыз активтерді елге қайтару тақырыбы осымен жабылды дегенді білдіре ме?

– Әрине, жоқ. Бас прокуратураның мәліметтеріне тоқталып өтейін. Заңсыз активтерді елге қайтару жөніндегі комитет үлкен жұмыс атқарып, олигополия өкілдерінен 1,3 триллион теңгеден астам қаржы өндіріп алды. Соның 1 триллион теңгеден астамы мемлекет қазынасына түсті. Арнайы мемлекеттік қордағы қаражат есебінен елімізде жалпы құны 482 миллиард теңге болатын 434 әлеуметтік және коммуналдық нысан салынып жатыр. Оның қатарында 227 сумен қамтамасыз ету, 183 денсаулық сақтау, 11 білім беру, 5 спорт, 8 инфрақұрылым нысанының құрылысы бар. Сондай-ақ, Павлодар, Арқалық, Балқаш қалаларындағы әуежайлар жаңғыртылып жатыр.

Жұмыс жалғаса береді. Активтерді сараптап, оның заңдылығын анықтау құзырлы органдардың күнделікті қызметінің бір бағытына айналды. Ең бастысы, барлық жұмыс ашық әрі әділ болуға тиіс. Енді бұл шаруаны бір орталықтан үйлестіріп жүргізудің қажеті жоқ. Жұмыс бір қалыпқа түсті. Сондықтан алға қадам басып, инвесторлардың құқығын қорғауға баса мән беретін кез келді.

Активтері күмән тудырып, күдікке ілінген адамдардың көбі қаржысын елге инвестиция ретінде салуға ниет білдірді. Олармен жалпы сомасы бес триллион теңгеден асатын келісімдер жасалды. Бұл қаражаттың есебінен инвестициялық және әлеуметтік жобаларды жүзеге асыруды жоспарлап отырмыз. Оның ішінде туристік, көлік-логистикалық орталықтар, тау-кен, металлургия, энергетика секторларына қатысты жобалар бар. Әлбетте, білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт салаларына, сондай-ақ, мұқтаж жандарды оңалту және әлеуметтік ортаға бейімдеу бағдарламаларын қаржыландыруға айрықша назар аударылады.

Бас прокуратура мен Үкіметтің алдында барлық жоспарларды және уағдаластықтарды орындау міндеті тұр. Бұл – аса маңызды жұмыс.

Заңсыз активтерді елге қайтару арқылы әлеуметтік әділдікті қалпына келтіру – конъюктура не болмаса жұртқа жағу үшін жасалған саяси науқан емес, бұл – мемлекеттің мызғымас ұстанымы. Әңгіме индульгенция немесе ымыраласып, астыртын келісім жасау туралы болып отырған жоқ, олай болуы мүлдем мүмкін емес.

Қазақстан әлем қауымдастығына халықаралық құқықты қатаң сақтайтын ел екенін көрсетіп келеді. Бірақ кейбір «кәсіпкерлер» қоғамдық пікірді өз мүддесіне қарай бұрмалауға тырысады, шетелде жатып алып, өздерін саяси режимнің құрбаны етіп көрсетеді, «инвестор» ретіндегі құқығы тапталып жатқанын айтады. Біз заң аясында адал диалог жүргізуге дайынбыз. Өйткені, ұстанымдармыздың дұрыс екеніне сенімдіміз. Қазақстан алдағы уақытта да заңдары инвесторларға қолайлы мемлекет ретіндегі мәртебесін нығайта береді.

– Кейбір оқырмандар әлеуметтік желіде сыбайлас жемқорлықпен күрес мемлекеттік саясаттың басым бағыты болудан қалды деген сыңайда пікір айтып жүр. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің дербес мәртебесі жойылғанын осының бір дәлелі ретінде келтіреді. Бұл реформаның мәні неде?

– Мұндай пікірлерден хабарым бар. Оның бәрін дұрыс түсінбеушілік немесе кейбір «арам ойлы» адамдардың бос әңгімесі деп санаймын. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі дербес мемлекеттік орган ретінде өзіне жүктелген міндетті табысты орындады. Оған кінә арта алмаймыз. Ұлттық қауіпсіздік комитеті де жемқорлықпен күреседі. Екі мекеменің бір міндетті қабаттаса атқаруы мемлекеттік маңызы бар жұмысқа кесірін тигізсе бастады.

Сыбайлас жемқорлықпен барлық деңгейде күресу мемлекеттік саясаттың басым бағыты болып қала береді. Бұған қатысты ешқандай күмән тумауға тиіс.

Қабылданған шешім қатардағы жемқорларды ғана емес, қылмыстық әрекеттің идеологтары мен ұйымдастырушыларын да жауапқа тартуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, қылмыстың алдын алу үшін түсіндіру және ағарту жұмыстарына әдеттегідей айрықша назар аударылады. Қазір бұл – мемлекеттік қызмет істері агенттігінің құзырындағы міндет. Жалпы, жемқорлықтан аулақ болу қажеттігін балалардың құлағына жастайынан құя берген жөн. Бұл жерде мектептер, қоғамдық ұйымдар, белсенді азаматтар, әсіресе, ата-аналар шешуші рөл атқаруға тиіс. Сол кезде елімізде жең ұшынан жалғасқан жемқорлыққа мүлдем төзбеу мәдениеті қалыптасады.

Ұлттық қауіпсіздік комитеті санмен әуестенбей, сапаға мән беріп, жемқорлыққа қарсы нақты жұмыс жүргізеді. Сонда мемлекеттік қызметшілер құқық қорғау қызметкерлеріне жалтақтамай, батыл шешім қабылдайтын болады.

– Сіз Жолдауыңызда әлеуметтік жеңілдіктер тым көбейіп, масылдық пен алаяқтыққа жол берілгенін қатаң сынға алдыңыз. Жұрт иммиграцияға қатысты көзқарасыңызды да білгісі келеді...

– Қазақстан – әлеуметтік мемлекет. Денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, ғылым және мәдениет саласына қатысты барлық міндеттеме толық орындалады. «Сырт көз – сыншы» деген сөз бар. Шетелдіктер, әсіресе, көрші мемлекеттердің тұрғындары біздің елдегі әлеуметтік қызметтің соншалықты дамығанына қызыға да, қызғана да қарайды. Соның ішінде кепілдік берілген тегін медициналық көмек және азаматтарға арналған көптеген жеңілдік бар. Тіпті, Қазақстанды «коммунизм орнаған» ел деп атай бастады.

Мысал ретінде, жекеменшік мектептердің иелері де ауқым-

ды мемлекеттік субсидия алатын орта білім жүйесін айтуға болады. Барлық аймаққа жекеменшік мектептердің, балабақшалардың, оқу орталықтары мен үйірмелердің жұмысын қамтамасыз ету үшін «жан басына сәйкес қаржыландыру» қағидаты бойынша қомақты қаражат бөлу міндеті жүктелген. Бұған қоса, ауқатты кәсіпкерлердің меншігіндегі және ата-аналары балалардың оқу ақысына көп ақша төлеп отырған элиталық мектептерге де бюджеттен қаржы бөлінеді.

Бұл саланы мемлекеттен қаржыландыру жүйесінің өзін реформалау керек. Министрліктің бұрынғы басшылары енгізген бүгінгі бұрмаланған тәртіп бей-берекеттікке әкеп соқтырады, себебі, қазірдің өзінде қаражат жетпей жатыр.

Жекеменшік медицина саласында да осыған ұқсас ахуал қалыптасқан. Бұрын жекешелендірілген медицина мекемелері көбінесе күрделі құрал-жабдықтар сатып алмайды, тексеруден өту үшін науқастарды мемлекеттік емханаларға жібереді. Бірақ ең бастысы, оларға шын мәнінде науқастардың санына қарай емес, «тіркелген» адамдардың санына қарай бюджеттен ақша бөлінеді және бұл «жан басына сәйкес қаржыландыру» деп аталады. Науқастардың санында мүлде нақтылық жоқ, тіркеу жұмыстары қалай болса солай жүргізіледі. Барлығы ашық болуға тиіс, осы саладағы үрдістің бәрін цифрландырған жөн.

Жалпы, бұл – күрделі мәселе, Үкімет бұған назар аударуға тиіс. Мен лауазымды тұлғалардың мұндай жағдайға жол беріп қана қоймай, мемлекет мүддесіне қайшы келетін нәрселерді «өз қолымен» жасағанына таңқаламын.

Бір сөзбен айтқанда, тиісті мекемелердің жөңсіз іс-әрекеттерінің кесірінен білім беру және денсаулық сақтау салаларындағы жеке кәсіпкерлік ұғымы бұрмаланып кеткен. Ахуалды түзеу қажет. Бюджеттен қаржы бөлінбесе, әлеуметтік нысандардың қиын жағдайға тап болуы мүмкін екенін түсінемін. Бірақ жеке бизнесті түгелдей дерлік мемлекеттің мойнына артып қоюға болмайды.

Сонымен бірге, медицина туризмі тұрғысынан алғанда Астана мен басқа да қалаларымыздың танымалдығы арта түскені көңіл қуантады. Дәрігерге қаралып, сапалы ем-дом алу үшін көрші елдерден бөлек, тіпті, АҚШ-тың және Еуропаның кейбір мемлекеттерінің азаматтары Қазақстанға келіп жатыр.

Мемлекет мұғалімдерге және медицина саласының қызметкерлеріне өте жақсы қолдау көрсетті. Олардың жалақысы бірнеше есе өсіп, қоғамдағы мәртебесі де арта түсті. Бұл дер кезінде қабылданған орынды шешім болды.

Бірақ алаяқтыққа жол берілмейді. Кеңес заманындағы түрлі аймақтық қақтығыстарға қатысқан «ардагерлер» әлі күнге дейін әлеуметтік жеңілдіктерді пайдаланып келеді. Мен халыққа Жолдауымда Кеңес Одағының күйрегеніне отыз жылдан астам уақыт өтсе де, «ардагерлер» күн өткен сайын көбейіп, неге екені белгісіз, жасарып бара жатқанын айттым.

Тағы бір мысал. Статистикаға қарасақ, Қазақстанда 740 мыңнан астам мүгедек адам бар екен. Еліміздің ешқандай қарулы қақтығысқа қатыспайтынын ескерсек, 20 миллион халқы бар мемлекет үшін мұның көптеу екеніне келісетін шығарсыз. Кезінде жауапты мекеме қызметкерлері мемлекеттен көмек алу үшін туыстарын, мәселен, гипертония диагнозы қойылған жақындарын мүгедектер қатарына қосып жаза салғаны анықталып отыр. Мұндай заңсыз әрекеттер аз емес. Сондықтан Үкімет пен құқық қорғау органдарына осы салада тәртіп орнатуды тапсырдым.

Қандастар мәселесіне келсек. Әрине, мен сырттағы ағайынның тарихи Отанына оралғанын құптаймын. Бірақ олардың қоғамымызға дұрыс кірігуіне қатысты мәселелерді шешу қажет. Былтыр Қазақстанға 16 мыңнан астам қандас көшіп келген. Соның ішінде еңбекке жарамды азаматтардың он бес пайызы-ның ғана жоғары білімі бар. Сол себепті, көбі Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық ортаға бейімделу барысында қиындықтарға тап болады. Олар негізінен Алматы облысының халық көп тұратын аудандары мен ауылдарына және Маңғыстау облысының Жаңаөзен қаласына қоныстанған. Орталық және жергілікті билік, сондай-ақ, құқық қорғау органдары бұл жағдайға назар аударуға мәжбүр болып отыр.

Мен былтырғы сұхбатымда Қазақстанда барлық азаматтың құқығы бірдей екенін, ешкімге ешқандай артықшылық немесе басымдық берілмейтінін айттым. Біз өркениетті, әділетті мемлекет құрып жатырмыз. «Заң үстемдігін» қамтамасыз ету, білімнің сапасын арттыру, мәдениетті болу, аянбай еңбек ету, тәртіпке бас ию және мемлекеттік рәміздерге құрметпен қару арқылы ғана осы мақсатқа жетеміз. Еліміздің болашағы дарынды, бас-тамашыл әрі отаншыл жастардың қолында.

Мен мұны үнемі айтып жүремін. Себебі, Мемлекет басшысы ретінде өскелең ұрпақтың жасампаз қуатына сенемін.

– Елдің қорғаныс қабілеті айрықша маңызды екенін бәріміз білеміз. Бірақ сарбаздардың өліміне қатысты оқиғалар әскери қызметтің беделін, Қарулы Күштеріміздің абыройын түсіріп жатыр. Сіз армиядағы ахуалды қалай бағалар едіңіз?

– Мен әскери борышын өтеуге шақырылған сарбаздардың жарақат алуы мен қаза болуына қатысты оқиғаларды өркениетті елге жат, теріс үрдіс деп санаймын. Бейбіт заманда мұндай жайттар болмауға тиіс. Бұл туралы барлық күштік құрылым басшыларымен жуырда өткен кеңесте де айттым. Қорғаныс саласына жауапты мекеменің басшылығын тәрбие жұмысын дұрыс қадағаламай отырғаны үшін сынға алдым. Армия жастарға қолдау көрсетіп, оларды еліміздің нағыз азаматы ретінде тәрбиелеп шығаруы керек. Командирлер әскери қызметшілерге үлгі-өнеге болуға тиіс. Әскерде әлімжеттікке, бұзақылыққа, рушылдыққа, жершілдікке орын жоқ, ондай жайттарға жол берілмейді. Мұның бәрін өзін жеке қадағалап отырамын.

Мен ахуалды түзеу үшін шұғыл шаралар қабылдау жөнінде бұйрық бердім. Дегенмен, қайғылы оқиғалар әскери бөлімшелердің бәрінде болып жатпағанын атап өткен жөн.

Тексеру жұмыстары, жалпы, әскердегі тәртіп қатаң сақталатынын көрсетті. Танымалдыққа ұмтылған кейбір блогерлер әскердегі шынайы ахуалға мүлдем жанаспайтын сөз таратып жүр. Олар армияны сарбаздар күн сайын дерлік қылмыскерлердің құрбанына айналып, қаза табатын жер ретінде көрсеткісі келеді. Шын мәнінде, сарбаз болу – өзінді дамыту үшін тың

мүмкіндіктерге ие болу деген сөз. Әскери борышын өтеп қайтқан жастар жоғары оқу орындары мен колледждерде тегін оқу алады.

Олар әскерде жүргенде сұранысқа ие мамандықтарды меңгереді. Келісімшартпен жұмыс істейтін әскери қызметшілер мен офицерлер әлеуметтік жағынан барынша қорғалған.

Армияда темірдей тәртіп болуға тиіс. Сарбаздар ант бергенде айтатын «Әскери қызметтің ауыртпалықтары мен қиыншылықтарын табандылықпен көтеремін» деген сөзден әскери өмірдің қатаңдығын айқын аңғаруға болады.

Әскери қызметтің абырой-беделін көтеру және еліміздің қорғаныс қабілетін арттыру – мемлекеттің басты басымдығының бірі. Қарулы Күштерімізді технологиялық тұрғыдан жаңғырту жұмысы қарқынды жүргізіле бастады. Былтыр Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай өткізілген әскери шеруді шетелдік саясаткерлер мен әскери қайраткерлер жоғары бағалады, бұл іс-шара армиямыздың заманауи қару-жарақпен және техникамен, соның ішінде Қазақстанда жасалған өнімдермен толық жабдықталғанын, сондай-ақ, әскери қызметшілеріміздің дайындығы өте жақсы екенін айқын көрсетті. Әскери бөлімшелеріміз ел ішіндегі және халықаралық деңгейдегі жаттығуларда тамаша нәтижеге жетіп жүр. Қазақстанда колледждерден бастап университетке дейінгі білім және ғылым мекемелерін түгел қамтитын ұлттық әскери мектеп қалыптасты.

Жуырда Тараздағы мамандандырылған әскери мектепке бардым. Онда әлеуметтік жағынан осал топтағы отбасылардан шыққан балалар оқиды. Бұл – жақсы бастама. Мен осы мектепке аты аңызға айналған батырымыз Бауыржан Момышұлының есімін беру туралы шешім қабылдадым. Облыс орталығының бәрінде осындай мектеп ашу туралы тапсырма бердім. Бұл білім мекемелерінде бүкіл еліміз мақтан тұтатын сардарлар мен генералдар тәрбиеленіп шығатынына сенімдімін.

– Тағы бір өткір тақырып – көлік апаты. Өкінішке қарай, жыл сайын жол-көлік оқиғасының салдарынан мыңдаған адам қаза болады. Сіз Жолдауыңызда да бұл тақырыпқа тоқталып, мәселені ретке келтіруді талап еттіңіз. Оң өзгерістер бар ма?

– Бұл – көптеген ел үшін өте өзекті мәселе. Басты себептің бірі – автокөліктің көбеюі. Еліміздегі автокөлік саны былтырдың өзінде 300 мыңға, ал соңғы бес жылда 1,7 миллионға көбейді. Оның үстіне, шамамен 3 миллион транзиттік автокөлік еліміздің аумағы арқылы өтеді. Автокөлік көбейген сайын, жол үстінде апат болу ықтималдығы арта түседі.

Ішкі істер министрлігі құқық бұзушылықты анықтау және оның жолын кесу жұмыстарын жандандыра түсті. Инфрақұрылым жетілдірілді, бақылау күшейді. Айыппұлды өсіру туралы шешім де, ең алдымен, жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қабылданды.

Соның нәтижесінде ахуал жақсарып келеді, көлік апаттарынан болған адам өлімі 9,4 пайызға азайды. Алайда, қоғам жол ережесін сақтауға немқұрайлы қараса, қолға алынған шаралардың ешқайсысы тиісті нәтиже бермейді. Түптеп келгенде, жүргізушілер қарапайым, бірақ өте маңызды талаптарды сақтамағандықтан, жан түршігерлік апаттар болып жатады. Бұл жағдай көлік жүргізушілерінің жол ережесін білмеуінің немесе оны біле тұра елемейінің кесірінен орын алады. Дәл осындай жауапсыз жүргізушілер адам өліміне әкеп соқтыратын апаттарға себепкер болады.

Кейбір дамыған елдерде көлік апаттарының алдын алу үшін жаңа тұжырымдама енгізіліп жатыр. Соған сәйкес әр адам полиция қызметкерлеріне ұсталып қалудан қорыққандықтан емес, өзінің және басқа адамдардың қауіпсіздігін ойлағандықтан жол ережесін сақтауға тиіс.

Бұған қоса, осы салаға жаңа технологияларды, соның ішінде жасанды интеллектіні кеңінен енгізген жөн. Біз көліктер тоқтаусыз жүретін көшелер саламыз. Сондай-ақ, қоғамдық көліктердің қауіпсіздігіне айрықша назар аударамыз. Себебі, автобустардың жол апатына ұшырауы азаюдың орнына көбейіп барады.

– 2025 жылдың екінші жартысы еліміздің сыртқы саясатындағы маңызды оқиғаларға толы болды. Сіз қысқа мерзім ішінде Бейжіңде, Вашингтонда, Мәскеуде, Анкарада, Абу-Дабиде, Ташкентте, Душанбеде, Бішкекте, Ашхабадта және Токиода болып қайтқан әлемдегі санаулы қайраткердің бірісіз. Өзіңізді ірі халықаралық қақтығыстарды шешу үшін араағайын болуға арнайы шақырады деген де болжамдар бар. Бұл туралы не айтар едіңіз?

– Сыртқы саясатқа қатысты жоғары деңгейдегі іс-шаралардың көптігі Қазақстанның абырой-беделі өсіп, халықаралық құқық субъектісі ретіндегі рөлі арта түскенін көрсетеді. Шетелге жасаған сапарларымнан бөлек, Азия, Еуропа және Таяу Шығыс аймақтарындағы ықпалды мемлекеттердің басшылары Астанаға сапармен келді.

Әрбір келіссөзде экономикалық және инвестициялық ықпалдастыққа, әлемдік аренадағы қарым-қатынасқа қатысты маңызды мәселелер көтеріледі. Былтыр экономикамыздағы басымдық берілген салаларды дамыту үшін жалпы сомасы 70 миллиард доллардан асатын құжаттарға қол қойылды.

Қазақстан Еуразия кіндігінде орналасқан ел ретінде, әсіресе, қазіргі алмағайып заманда түрлі үдерістен сырт қалмауы керек. Біздің халықаралық қатынастағы негізгі мәселелер туралы өз көзқарасымыз, нақты ұстанымымыз болуға тиіс. Сондықтан мен БҰҰ Бас Ассамблеясының мерейтойлық сессиясында осы әмбебап жаһандық ұйымды реформалауға қатысты Қазақстанның ұстанымын егжей-тегжейлі айтып өттім.

Халықаралық дау-дамайларда араағайын болатын ешқандай ойым жоқ, сондай-ақ, бірқатар елдердің ұсыныс-пікіріне қарамастан, БҰҰ-дағы жұмысқа қайта оралатын ниетім де жоқ. Бірақ жабық кеңестер мен пікірталастарға қатысатымын, оның үстіне бірқатар мемлекет басшылары менің пікірімді білгісі келеді. Мен үшін осы маңызды жұмысты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялаудың еш қажеттігі жоқ, себебі популизмнен аулақпын. Бұл ұстанымым жабық кеңестерге қатысушылар үшін де маңызды болса керек.

– Жаңа жыл қарсаңында Кремльде Тұңғыш Президент



ЖАҢА КЕЗЕҢНЕ ҚАДАМ БАСТЫ

Нұрсұлтан Назарбаев Ресей басшысымен тағы да кездесті. Кремльге қарасты ақпарат құралдары бұл жайында кеңінен мәлімет таратты. Кездесу туралы көптеген пікір айтылып, өсек-аяң өрбіді. Тіпті, Қазақстанда 2029 жылы болатын билік транзиті туралы сөз қозғалыпты, Назарбаев Владимир Путиннің тікелей қолдауымен сол істе ең басты рөл атқарғысы келеді екен деген алыпқашпа әңгіме шықты. Сіз былтырғы сұхбатыңызда Тұңғыш Президент партияның ірі қайраткері ретінде көп уақытын өткізген Мәскеуді сағынатын болар, сондықтан ол жаққа жиі барады деп түсіндірген едіңіз. Дегенмен, көптеген азамат Сіздің осындай «саммиттерге» шынайы көзқарасыңызды білгісі келеді.

– Тұрақты түрде өткізіліп жүрген кездесулер бейресми сипатқа ие. Мұны Ресей президентінің өзі де атап өтеді. Таяуда өткен Санкт-Петербургтегі басқосуда Владимир Путин маған Нұрсұлтан Назарбаевты оның өтініп сұрауы бойынша қабылдайтынын айтқан еді.

Ресей президентінің ерекшелігі: ол достарымен және әріптестерімен жылы қарым-қатынас құра біледі. Жұмысы өте қарбалас болса да, сенбі күні Қазақстанның Тұңғыш Президентімен асықпай әңгімелесуге уақытын бөлді. Ол Нұрсұлтан Назарбаевты Еуразиядағы ықпалдастық үдерісінің бастауында тұрған тәжірибелі саясаткер ретінде бағалайды. Ресей бұл үдерісте жетекші рөл атқарып отыр. Кремльдегі кездесу Владимир Путиннің адамгершілігі жоғары екенін көрсетеді.

Ондай әңгімелер барысында не айтылғаны маған қызық емес, бұл туралы ешқашан сұрақ қоймаймын.

Ал Нұрсұлтан Назарбаевтың жеке басына келер болсақ, мен оны қазіргі қазақ мемлекеттігінің негізін қалаған тұлға деп санайтынымды бірнеше рет айттым. Оның мемлекеттік институттарды және экономиканың нарықтық тетіктерін құру, жаңа астанамызды салу жолындағы еңбегін бәрі біледі. Өзіңізге мәлім, біз Қазақстанды Әділдік, Заң және Тәртіп орнаған ел етіміз келеді. Сондықтан ешкімді алаламай, әр азаматтың еңбегін әділ бағалау керек. Бұл еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевқа да қатысты.

– Ал билік транзиті туралы не айтасыз?

– Бұл жөнінде сөз қозғауға әлі ерте, алдымызда табанды жұмысқа толы бірнеше жыл бар.

– Кейбір сарапшылар парламенттік реформа бір ғана мақсатпен – Парламент төрағасы лауазымын мемлекеттік басқару жүйесіндегі ең басты лауазымға айналдыру үшін ғана өткізіледі деп санайды. Сіз бұл лауазымды өзіңізге дайындап жатырсыз деген де сыбыс бар...

– Бұл – бос әңгіме. Мұндай пікір менің саяси қағидаттарыма қайшы келеді. Мен Қазақстанның президенттік басқару үлгісіндегі мемлекет екенін бірнеше рет айттым. Осыдан 8 жыл бұрын, яғни Ақордаға келгенге дейін «Күшті Президент – Ықпалды Парламент – Есеп беретін Үкімет» тұжырымдамасын жарияладым. Жеке бастың қамын күйттеп, мемлекеттік жүйені тұтастай өзгерте салу барып тұрған жауапсыздық, тіпті, адамгершілікке жатпайтын әрекет болар еді.

Еліміз үшін аса маңызды реформаның бәрі жалпыхалықтық референдумға шығарылады. Бұл жерде ешқандай астыртын ойлар жоқ. Менің ұстанымым баршаға белгілі, саяси реформалар жалғаса береді. Ұзақ мерзімге арналған жоспардың бір бөлігі әдеттегідей жақын арада жарияланады.

– Быыл саяси тұрғыдан алғанда қандай жыл болмақ?

– Қазіргің өзінде нақты айта аламын: быыл ел тағдырына тікелей әсер ететін, Қазақстанның ұзақ жылдарға арналған бағыт-бағдары айқындалатын жыл болады. Мен конституциялық реформаға қатысты референдум өтетінін алдын ала айттым. Қазір сарапшылар тобымен бірге Ата Заңымыздың редакциясына қатысты ұсыныстарды қарап жатырмын. Жоспарланған өзгерістер өте көп, бәрі тұтаса келгенде жаңа Конституция қабылдаумен пара-пар қадам жасаймыз деуге болады.

– Сіздің күрделі мәселелерге әзілмен қарай алатыныңызды, ойыңыздың астарын өмірде болған тағылымды тарихи оқиғалар, я болмаса дипломатиялық тәжірибеніңізден алынған мысалдар арқылы жеткізетінінғізді «президенттік орта» жақсы біледі деседі. Олар өткен кезеңнің белгілі тұлғаларын да жиі тілге тиек ететініңізді айтатын көрінеді. Жоғары деңгейдегі саясаткер ретінде бұл қабілетіңіз Сізге септігін тигіз ме?

– Әзіл айта білу және тарихи деректерді жетік білу үлкен саясатта да жоғары бағаланады. Мен кәсіби тарихшы емеспін. Сондықтан көптің алдында өткен дәуірлерге қатысты тақырыптарға бара бермеймін. Бірақ тарихқа қызығамын, кітаптар мен мақалалар оқимын. Десе де, тарихи деректерді қазіргі саясаттың мүддесіне пайдалануға болмайды деп санаймын.

Белгілі жазушы, драматург Эдвард Радзинский өткен ғасырдағы 80-жылдардың басында Сталин туралы іргелі зерттеу кітабын жазуға кіріскенін айтапты.

Қаламгердің елге «қайта құру қаһармандары» ретінде танылған достары «Сенің Сталиннің кімге қажет? Ашықтық пен демократия дәуірі басталғанын білмейсің бе? Сталинизм заманы келмеске кетті» деп кекетсе керек. Сонда жазушы «Мен кітапты жазып бітірген кезде жұрт Сталиннің суретін көтеріп алып, көшеде жүретін болады» деген екен. Ақыры солай болып шықты.

Тарихтан талай нәрсені үйренуге болады, күні кеше ғана қуғында жүрген жандар ертең-ақ ұлы тұлға атанады. Есесіне, Ленин сынды көсемдердің әжуаға айналуы оп-оңай, халық оның қанатты сөздерін әлдеқашан ұмытқан. Ал Троцкий өз естеліктерінде «партиямыздың ең көрнекті ортақол адамы» деп атаған Сталинді қазір жұрт мадақтайды, тіпті, «Кадр бәрін шешеді», «Бала әкесі үшін жауап бермейді», «Өмір қандай керемет, өмір қандай көңілді», «Табыстан бас айналу», «Гитлерлер келеді-кетеді, ал неміс халқы қала береді» деген сөздері үшін пір тұтады. Осындай тарихи парадокстар бізде де аз емес...

– Ойыңызды тарқатып айтасыз ба?

– Кез келген елдің, соның ішінде біздің де төл тарихымызда қайшылыққа толы оқиғалар мен ақиқатынан аңыз басым тұлғалар жетіп-артылады. Тарихи деректерді бұрмалау, халыққа

жасаған еңбегі күмәнді, яғни нақты мәліметтермен немесе құжаттармен дәлелденбеген адамдарды шамадан тыс ұлықтап көрсету – мен үшін мүлде ақылға қонбайтын нәрсе.

Соңғы жылдары Қазақстанда тарихты талқылау сәнге айналды. Түрлі подкасттар, фильмдер, мақалалар мен кітаптар шығып жатыр. Әрине, халықтың төл шежіресін тануға деген қызығушылығын түсінуге болады. Жалпы, бұл – құптарлық дүние.

Алайда, өкінішке қарай, мемлекетке кесірі тиетінін жете түсінбей, көпшіліктің көңілін табу үшін ойдан шығарылған деректер мен жалған ақпараттар тарататын, халқымыздың басынан өткен қиындықтарға өзге жұртты кінәлайтын тарихшысымақтар пайда болды. Жұрт олардың сандырағына сеніп, өткен дәуірдің жалған батырларын ұлықтай бастады. Мұның соңы жақсылыққа апармайды. Бұл – ақиқат жолы емес, керісінше, «жалған түсінік туғызатын теріс жол».

Біз болашаққа ұмтылған қоғам, біртұтас ұлт ретінде төл тарихымызды танып, оны қаз-қалпында қабылдай білуіміз керек. Бізге негізсіз аңыз-әңгімелердің еш қажеті жоқ, оның бәрі сана-сезімімізге кеселін тигізеді. Тарих жұртты дауластыратын, жауластыратын тақырып емес, керісінше, қоғамды ұйыстыратын құндылық болуға тиіс. Ойдан шығарылмаған, яғни ақиқатқа құрылған шежіре бізді тарихтан тағылым алып, кемшіліктерімізді түзетуге, сол арқылы болашаққа сеніммен қадам басуға үйретеді. Сондықтан біз Абайды және оның ой-толғамдарын кеңінен дәріптеп келеміз. Ол қоғамдағы кемшіліктерді жұппесіз айтып, «Толық адам» болуға бастайтын дұрыс жолды нұсқап кетті. Ұлы ойшылдың ұрпаққа қалдырған баға жетпес мұрасы саналатын «Қара сөздері» әлі күнге дейін өзекті болып отыр.

Абай халқымыздың еңбекқор, білімпаз және адамгершілігі жоғары болғанын қалады. Мән-мағынасы жоқ сансыз пікірластан басқа ұрпаққа ұлағат боларлық сөз қалдырмаған бірқатар қоғам қайраткерлерінің мұрасынан Абай ілімі әлдеқайда биік тұрғаны анық. Бірде-бір дәуірде, әсіресе, саяси аласапырандар кезеңінде көпірме сөздің еш пайдасы болмаған.

– Сіздің «Қазақстан Республикасы ішкі саясатының негізгі қағидаттарын, құндылықтарын мен бағыттарын бекіту туралы» Жарлыққа қол қойғаныңыз былтырғы айтулы қадамның бірі болды. Жұрт идеологияның рөлі, отаншылдық туралы жиі айтады. Сіз отаншылдық дегенді қалай түсінесіз?

– Меніңше, отаншылдық деген ұлы сезім жылтырақ сөзбен, жалған әрекетпен бағаланбауға тиіс. Нағыз отаншыл азамат жұрттың алдында кеудесін соғып көпірмейді, етегі жасқа толып еңіремейді, оңды-солды сұхбат беріп ділмәрсимейді. Үндемей жүріп, үлкен іс бітіреді. «Айдағаны бес ешкі, ысқырығы жер жаратынның» бәрі патриот емес. Отаншыл болу – туған еліңнің, отбасыңның игілігі үшін аянбай еңбек ету деген сөз. Қоқысты аулау, тал егу, табиғатты аялау, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету де – отаншылдықтың белгісі.

Мен аймақтарға іссапармен барғанда инженерлермен, жұмысшылармен, мұғалімдермен, дәрігерлермен, шаруалармен, әскери қызметшілермен, мәдениет қайраткерлерімен кездесемін. Олардың бәрі – сүйікті Отанымыздың нағыз патриоттары. Отан отбасыңнан, аулаңнан, көшеңнен басталады. Сондықтан айналады аялап, табиғатты таза ұстау керек.

Әлемде мультикультурализмді қолдап, ұлтаралық және дінаралық татулықты жақтайтындар мен өзін нағыз патриот санайтын радикалды ұлтшыл топ өкілдері арасында қақтығыс болып жатыр. Меніңше, екі жақтың да ұстанымы ұшқары. Себебі, Азияда бағзы заманнан бері заң мен тәртіпке бағынып, береке-бірлікте, тату-тәтті өмір сүрудің «үлгілі үйлесімі» бар.

Мен бұған дейін қоғамдық өмірдің «Бірлігіміз – әралуандықта» деп аталатын маңызды қағидатын жарияладым. Бұл азаматтарымыз бірін-бірі құрметтеп, сабыр сақтап, тәртіпті болуы қажет дегенді білдіреді. Тағы да қайталап айтайын: Қазақстан үшін «Заң мен Тәртіп», қолмен істегенді мойынмен көтеру қағидаттары айрықша маңызды. Әйтпесе, жоспарларымызды орындап, мақсаттарымызға жету екіталай болмақ.

– Биыл Қазақстан халқы қастерлі Тәуелсіздігіміздің 35 жылдық мерейлі белеске жеткенін атап өтеді. Бұл – тарих тұрғысынан алғанда қас-қағым сәт болғанымен, жекелеген мемлекеттер мен адамдар үшін біршама ұзақ мерзім. Сіз Қазақстанның жүріп өткен жолын қалай бағалар едіңіз? Алдағы бағдарымыз қандай?

– Мемлекет құру ісінің куәгері болған және бұл іске атсалысқан азамат ретінде «осы жылдарда Тәуелсіз Қазақстанның игілігі үшін өте көп жұмыс атқарылды» деп айта аламын. Иә, жетістіктермен қатар, қателіктер де болды. Онсыз мүмкін емес қой?! «Білмейтін жолдың ой-шұңқыры көп» деген сөз бар. Қалай болғанда да, еліміз бұраланы көп, бағдары бұлыңғыр, күрделі жолды жүріп өтті. Жер жүзінде Қазақстанға тілеуестік білдіргендер аз болған жоқ, бірақ жымсықсы ниет танытқандар да бар еді. Өткен ғасырдағы 90-жылдардың басында шетелдерде «қазақтардың қолынан ештеңе келмейді» деген пікір айтылып жатты. Өйткені, демографиялық ахуал мен кеңес дәуірінен қалған саяси және экономикалық жағдай табысты мемлекет құруымызға қолбайлау болатындай көрінді.

Өмірдің өзі бұл болжамдарды жоққа шығарды. Қазақстан экономикасы қарқынды дамып жатқан, халықаралық беделі жоғары, табысты мемлекетке айналды. Бірақ алдымызда тәжірибесі мол азаматтарға да, жастарға да ортақ орасан зор жұмыс бар.

– Қазіргі жастар – өте талапшыл әрі талғампаз. Әлеуметтік желіден олардың «Қазақстан «прайм-дәуірге», яғни керемет кезеңге қадам басты» дегенін көргенде таңқалдым. Осыған қатысты не айтар едіңіз?

– Жастарымыздың күш-қуаты мол, үміті мен сенімі зор әрі азаматтық сана-сезімі өте жоғары. Олар – бар ықыласымен болашаққа ұмтылатын отаншыл азаматтар. Дәл осындай өршіл ұстанымның арқасында еліміз талай рет алдынан шығатын сын-қатерлерді еңсеріп, қиындықтарды жеңері сөзсіз.

Жастардың қуанышы орынсыз, тіпті, оғаш көрінуі мүмкін. Бірақ олардың ой-пікірімен санасқан жөн. Жастар Отанымызға

тек жақсылық тілейді. Бұл біздің қоғамымыздың жасампаздық рухын білдіреді.

Өскелен ұрпақ бүгінгі ахуалға арман-қиялмен емес, нақты көзқараспен қарауы қажет, виртуалды емес, шынайы әлемде өмір сүруі керек. Ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүрмей ерінбей еңбек етіп, өзін темірдей тәртіпке тәрбиелей білгені жөн.

– Қазақстанның дамуы туралы айтар болсақ, осы жылдан не күтесіз? Алда қандай маңызды оқиғалар болады? Мақсат-мұраттарыңыз қандай?

– Биыл көп жұмыс істеуіміз қажет екенін айтып өттім. Осы жылы ауқымды саяси өзгерістердің жаңа кезеңі басталады, экономикалық реформалар жалғасын табады.

Еліміз жаңғыру жолына біржола түсіп, қоғамымыздың болмысы мен бет-бейнесін түбегейлі өзгертуге тиіс. Азаматтарымыз жаңа дәуірге бейімделуі қажет. Бұл – оңай шаруа емес. Бірақ халқымыз, соның ішінде жастарымыз алмайтын асу жоқ. Бұған кәміл сенемін.

Мен осы жылды Цифрландыру және жасанды интеллект жылы деп жарияладым. Бұл еліміз үшін тарихи мүмкіндік екенін жаңа ғана айтып өттік. Түбегейлі цифрлық өзгерістер жасап, жасанды интеллектті енгізу экономиканың және басқа да көптеген саланың дамуына тың серпін береді. Мемлекетті басқарудан бастап, білім беру және денсаулық сақтау саласына дейін – барлық бағытта өсіп-өркендеуге жол ашады.

Тәуелсіздігіміздің 35 жылдығы – еліміз үшін айтулы дата әрі осыған дейін жүріп өткен жолымызды ой елегінен өткізіп, болашаққа жоспар құратын сәт. Тәуелсіздіктің мерейлі белесін ас та төк науқаншылдыққа айналындырмау керек, бұл Қазақстанның өсіп-өркендеуінің символы болуға тиіс.

Мен Президент ретінде «Таза Қазақстан» акциясын алдағы уақытта да ерекше назарымда ұстаймын. Бұл жұмыстың мән-маңызы өте зор. Себебі, «Таза Қазақстан» жұртты үнемшіл әрі ақпейіл болуға, даңғазалықтан арылуға, үнемі ізденіп, алға ұмтылуға, ортақ жауапкершілікті ұмытпауға, елге жанашырлық танытып, қайырымдылық жасауға үндейді. Біздің бастамамызбен Біріккен Ұлттар Ұйымы 2026 жылды Халықаралық еріктілер жылы деп жариялады. Бұл қадам «Таза Қазақстан» идеясымен толық үндеседі.

Мен осы жалпыхалықтық қозғалысты айрықша маңызды идеологиялық акция деп санаймын. Өйткені, тазалық дегеніміз – мағынасы терең, мазмұны сан қырлы ұғым. Тазалық ұғымы жан-дүниенің де, жер дүниенің де тоқырауын емес, гүлденуін кіршіксіз таза болуын білдіреді. Түптеп келгенде, тазалық ұлт болмысының өзегіне айналуға тиіс.

– Жұрт Сізді жеке тұлға ретінде де тани түскісі келеді. Сіз жеке өміріңізді көпшілікке жария етуді ұната бермейтін сияқтысыз. Өзіңізді жақсы білетін адамдар «ол жазба мәтіндерге өте мұқият қарайды және асқан табандылықпен жұмыс істейді» дейді. Жеке басыңызға қатысты осындай сұрақтар аз емес. Осының бәрін қорыта айтсақ, Сізді жан-дүниесі мен мінез-құлқы қандай адам деуге болады?

– Мен 1975 жылы КСРО Сыртқы істер министрлігінің табалдырығын алғаш рет аттадым, мемлекеттік қызметке келгеніме былтыр 50 жыл болды. Алғашқы мамандығым бойынша мен – қытайтанушымын. Бұл кәсіп айрықша табандылықты қажет етеді. Шынымен де, мәтінмен жұмыс істеуге әбден дағыланғанымын, нашар стильді, әсіресе, әріп қатесін суқаным сүймейді. Жолдауларымды, сөйлейтін сөздерімді, мақалаларымды, тіпті, әріптестеріме жолданатын хаттардың бәрін тікелей өзім қарайтынымды аппараттағылардың барлығы біледі.

Саналы ғұмырым темірдей тәртіпті, зор жауапкершілікті, жүйелі жұмыс істеуді талап ететін мемлекеттік қызметте өтіп келеді. Мұның бәрі менің мінез-құлқым мен дүниетанымама өз әсерін тигізді. Сондықтан «Сіз кімсіз?» деген сипаттағы сауалыңызға қысқаша ғана «мен – мемлекетшіл адаммын» деп жауап берейін.

– Жақында АҚШ президенті Дональд Трамп өзінің денсаулығы туралы мәліметтерді жариялады. Осы тұрғыдан алғанда, Сіз көп ашыла бермейсіз. Дегенмен, денсаулығыңыз жайлы түрлі әңгіме айтылып жатады. Кейбіреулер Сіздің салмақ тастап, сергек көріне бастағаныңызды атап өтсе, енді біреулер оған кереғар пікір білдіріп жүр. Бұл туралы не дер едіңіз?

– Денсаулығым жақсы, қан қысымым қалыпты. Күн сайын йогамен шұғылдануды әдетке айналдырдым, бірақ медитация жасаймын. Бұрынғы кәсіпқой спортшымен аптасына екі рет үстел теннисін ойнаймын. Расымен, тоғыз келі салмақ тастап, өзімді әлдеқайда жайлы сезінетін болдым.

– ТМД елдеріндегі әріптестеріңіздің ішінде тағы кім спортқа жақын?

– Таяуда Бішкекте өткен бейресми іс-шара кезінде Путин жас дзюдошыға қарсы әдемі әдіс жасап, аға буынның абыройын көтеріп тастады. Әлиев те мықты, көнігі спортшы сияқты үнемі жаттығады, Жапаров футбол ойнайды. Мирзиёев те ширақ, ол жаттығу залында шынығады. Пашинян велосипед тебеді. Лукашенко әлі күнге дейін хоккей ойнайды екен. Кезінде теңіз-әскери күштерінде болып, әбден шыныққан Рахмонның да денсаулығы жақсы. Бір сөзбен айтсақ, әріптестерімнің бәрі де бабында.

– Президент мырза, бүгін өте мазмұнды әңгіме болды. Халықты толғандыратын көптеген маңызды мәселені талқыладық. Уақыт бөліп, сұхбат бергеніңіз үшін тағы да алғыс айтамын.

– Мен әрдайым қоғамның көңіл күйі мен азаматтардың мұң-мұқтажын біліп отыруға тырысамын. Түйткілді мәселелер мен жоба-жоспарларды ашық әрі тура айтамын. Қазақстанның әлеуетін еселей түсу үшін әлі көп жұмыс істеуіміз керек. Біз бір ел болып, халықтың мүддесін қорғау жолындағы биік мақсатымыздың бәрине жетеміз. Мен бұған кәміл сенемін.

Газеттеріңіздің жұмысы табысты болсын! Редакция қызметкерлеріне менен дұғай сәлем айтыңыз.

– Міндетті түрде сәлеміңізді жеткіземін!

Әңгімелескен
Бауыржан БАБАЖАНҰЛЫ.

«Turkistan» газеті, 2026 жылғы 5 қаңтар, №1 (1638).



2026 – ЦИФРЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖЫЛЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2026 жылды «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» деп жариялады. Бұл үрдіс ел көлемінде де қолдау тапты. «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» халқымызға жаңа серпін бермек. Бұл шешім – технологиялық дамуға бет алған Қазақстан үшін стратегиялық қадам. Ал сол шешімнің нақты көрінісі – мектеп қабырғасындағы робототехника үйірмелерінен бастау алуда.

ЖАҢА ДӘУІР ӨРЕНДЕРІ

Ернұр
РЫСБАЙ

Технология әлеміндегі ең ықпалды тұлғалардың бірі Илон Маск алдағы жиырма жылда роботтар адамзатты кедейліктен құтқарады деген батыл пайымды айтып жүр. Оның пікірінше, болашақта роботтар мен жасанды интеллект ең үздік дәрігерден де, ең тәжірибелі инженерден де сауатты болмақ. Бүгін бізге тосын көрініс бұл үдеріс ертеңгі ұрпақ үшін қалыпты құбылысқа айналуы бек мүмкін. Өйткені, цифрлық дәуірдің тілін ерте жастан меңгеріп келе жатқан балалар бар.

Цифрлы болашаққа бастар жол дәл қазір Алматыдағы робототехника сыныптарында өз негізін қалап жатыр. Қаламызда робототехника жәй ғана қосымша сабақ емес, балалардың ой-санасын өзгертетін, болашақ мамандығын айқындайтын ортаға айналып отыр. Н.Назарбаев зияткерлік мектебінің робототехника пәнінен жаттықтырушы Дулат Байтуленов бұл саланың бүгінгі қарқынын ерекше атап өтеді.

«Қазіргі таңда робототехника Алматыда ғана емес, бүкіл Қазақстан бойынша

Алматыдан әлемге қанат қаққан балалар

үлкен серпін алып келеді. Бұл – уақытша қызығушылық емес, болашақтың нақты талабы. Балалар роботты құрастыру арқылы технологияның қалай жұмыс істейтінін ғана емес, өз ойын жүйелеуді, мәселені шешуді, жауапкершілікті сезінуді үйренеді. Біз мұнда болашақ инженерлерді ғана емес, ойлай алатын, бастама көтере алатын тұлғаларды тәрбиелеп жатырмыз», – дейді ол.

Үйірмеге қызығушылық күн санап артып келеді, сабақ аяқталған соң балалар асыға осында жиналады. Әр баланың көзінен жаңалыққа деген құштарлық пен ізденісті аңғаруға болады. Бұл – цифрландыру дәуірінде өсіп келе жатқан ұрпақтың дұрыс таңдауы.

Сол еңбектің нақты нәтижесі де бар. Дәл осы Алматыдағы зияткерлік мектептің жоғары сынып оқушылары FIRST Global Challenge 2025 дүниежүзілік робототехника олимпиадасында төрт жыл қатарынан жеңіске жетіп отыр. Бұл – әлемнің үздік командалары жиналатын додада



тұрақты түрде көш бастау деген сөз. Команда капитаны Досымжан Рашат жетістік артында үлкен еңбек бар екенін айтады.

– Біз жарысқа дейін бірнеше ай бойы күн сайын дайындалдық. Кейде бір ғана детальды жетілдіру үшін бірнеше сағатымыз кететін. Бірақ сол еңбектің бәрі зая кеткен жоқ. Ең бастысы – командадағы ауызбіршілік. Әркім өз рөлін нақты білді және бір-бірімізге сендік. Сол сенім бізді жеңіске жеткізді, – дейді ол.

Кезекті халықаралық байқаудың тақырыбы биоалуантүрлілікті сақтау болған. Алматылық оқушылар экология мен технологияны ұштастыра отырып, тың шешімдер ұсынды. Жалпы айтқанда, роботты бағдарламалау, оның әрекетін сынақтан өткізу, ақауын түзету – мұның бәрі оқушыны төзімділікке, ұқыптылыққа, жүйелі ойлауға үйрететіні анық.

Жаттықтырушының айтуынша, робототехника бейне бір өмір мектебі секілді:

– Бұл сала баланы командада жұмыс істеуге, өз ойын еркін жеткізуге, көшбас-

шылық қасиеттерін көрсетуге баулиды. Бала өзіне сенуді үйренеді. Ертең ол инженер болмаса да, қай салада жүрсе де цифрлық сауаттылығы жоғары, заман талабына сай тұлға болып қалыптасады, – дейді Дулат Байтуленов.

Бүгінде жасанды интеллект қолданылмайтын сала кемде-кем. Өнер әлемінің өзі технологиямен үндесіп келеді. Мәселен, Оңтүстік Кореяда роботдирижер классикалық оркестрді басқарғаны өнер сүйетін қауымды таңқалдырған болатын. Бұл – адам мен технологияның жаңа серіктестігінің айқын көрінісі. Осындай мысалдар Алматыдағы балаларға да шабыт береді. Олар роботты тек механизм ретінде емес, ойлай алатын, жауап беретін тіпті, сезіне алатын жүйе ретінде қарастырады.

2026 жылдың «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» деп жариялануы – осы балалар үшін үлкен мүмкіндік. Себебі, болашақтың кілті дәл қазір олардың қолында. Бәлкім, Илон Маск болмаған роботтар адамзатты кедейліктен құтқаратын күн алыс емес шығар. Ал сол өзгерістің алғашқы қадамдары бүгін Алматыдағы робототехника сыныптарында жасалып жатуы ғажап емес.

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»

«ЖАСЫЛ ӘЛЕМ – ӨЗ ҚОЛЫМЫЗДА»

Экологиялық тәрбие балабақшадан басталады

Экологиялық мәдениетті қалыптастыру мәселесі – бүгінгі таңда білім беру жүйесінің маңызды бағыттарының бірі. Қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау, табиғатты аялау, еңбекке бейімделу сияқты дағдыларды бала бойына ерте жастан сіңіру балабақшадағы тәрбиелік жұмыстың да басты міндетіне айналып отыр.

Рая
ЕСКЕНДІР

Алатау ауданына қарасты №148 бөбекжай-балабақшасында «Жасыл әлем – өз қолымызда» атты экологиялық жоба аясында кең көлемдегі аудандық семинар өтті. Іс-шараға аудан көлеміндегі мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтерді қатысып, экологиялық тәрбиені ұйымдастырудың тиімді жолдарымен танысты.

Бұл экологиялық жоба балабақша жасындағы балаларға табиғат туралы алғашқы түсінік беріп, өсімдікті күтіп-баптаудың маңызын ұғындыру, қоршаған ортаға ұқыпты қарау дағдыларын қалыптастыруды басты мақсат еткен. Жоба аясында балалар дән егу, суару, күту жұмыстарын өз қолдарымен орындады. Өсімдіктің өсу кезеңдерін бақылап, айырмашылықтарды байқады.

Семинар барысында қонақтарға балабақша тәрбиеленушілерінің тәжірибелік жұмыстары көрсетілді. Балалар арнайы алжапқыш киіп, алдын ала



дайындалған топыраққа дән сеуіп, су құйып, өсімдіктерді күту кезеңдерін көр-

сетті. Әрбір топтағы балақайлар әртүрлі ыдыстарға егілген бидай, көк шөп, дәнді

дақылдардың бақылау нәтижелерін ұсынды.

Экологиялық жоба ойын элементтерімен, еңбек әрекетімен және танымдық тапсырмалармен ұштастырылған. Бұл тәсіл балалардың қызығушылығын сақтауға және материалды жеңіл қабылдауына мүмкіндік береді. Бұл жұмыстар оқу бағдарламасына қосымша ретінде емес, күнделікті тәрбие процесінің бір бөлігі ретінде ұйымдастырылды. Бұл жұмыстар арқылы балалар өсімдіктің өсуі тұрақты күтім мен уақытты қажет ететінін нақты түсіне бастайды. Өсімдікті күтіп-баптауды үйренген бала табиғатқа зиян келтірмеуге, тазалық сақтауға, еңбек нәтижесін бағалауға дағдыланады. Бұл қасиеттер кейін мектепте, қоғамда жалғасын табады.

«Балалардың барлық кезеңге тікелей қатысуы жобаның басты ерекшелігі болды», – дейді №148 бөбекжай-балабақша меңгерушісі Рая Шарапиева. Оның айтуынша балалар топырақ салып, дән таңдап әрі суарып, оны дайын өскіндермен салыстырып, табиғатпен шынайы үндестік таба алады. Бұл экологиялық тәрбиенің сөз жүзінде емес, іс жүзінде жүргізіліп жатқанын көрсетеді. Семинар барысында балабақша педагогтері экологиялық бағыттағы жұмыстарды ұйымдастыруда қолданылатын әдістермен бөлісті.

Іс-шараның аудандық деңгейде өткізілуі – жобаның жүйелі әрі нәтижелі екенін көрсетті. Бұл ретте педагогтер арасында тәжірибе алмасу алаңына айналды.

Тылсым күштерге қызығушылық – адам баласына тән құбылыс. Белгісізді түсінуге, болашақты болжауға, өз мінезі мен тағдырындағы заңдылықтарды ұғынуға деген ұмтылыс ежелден бар. Соның бір көрінісі – соңғы жылдары қоғамда кең таралып отырған нумерология ілімі. Бүгінде ол тек дәстүрлі танымның жалғасы ретінде ғана емес, жеке өмірдегі дағдарыстарды түсінудің әрі «шешудің құралы» ретінде қабылдана бастады. Жұмысты ілгерілету, қаржылық қиындық, қарым-қатынастағы шиеленіс секілді сәттерде кей адамдар ең алдымен нумерологқа жүгінеді. Бұл құбылыс нені аңғартады? Қоғам шынымен рухани қолдауға зәру ме, әлде белгісіз ілімдерге сену – уақытша жұбаныш қана ма?



Нумерология – рухани ізденіс пе, әлде жұбаныш па?

**Аяжан
СЕРІКҚЫЗЫ**

Соңғы жылдары әлеуметтік желілерде нумерология, тарология сынды бағыттардың кең таралуы байқалады. Instagram мен TikTok-та «тағдырыңды туған күнің айтып береді», «қаржылық блоктарыңды ашаңыз» деген мазмұндағы видеолар миллиондаған қаралым жинайды. Мұндай ақпарат күрделі өмірлік мәселелерге жеңіл әрі тез жауап ұсынады. Көп жағдайда нақты дәлел немесе ғылыми негіз талап етілмейді. Адам өз ішкі күдігін, қорқынышын, үмітін осы «болжамдарға» сендіреді. Соның нәтижесінде нумерологтың сөзі кейбіреулерге «ақиқатқа» саналып үлгергендей.

Шын мәнінде, бұл құбылыстың артында әлеуметтік және психологиялық себептер жатқан секілді. Қазіргі қоғамда белгісіздік көп. Экономикалық тұрақсыздық, еңбек нарығындағы бәсеке, әлеуметтік қысым, отбасылық жауапкершіліктің артуы – мұның бәрі адам психикасына салмақ түсіреді. Әсіресе, болашаққа сенім азайған кезеңде адам нақты жоспардан гөрі «тағдырға» сүйенгісі келеді. Нумерология дәл осы бос кеңістікті толтырады. Ол адамға «сен жалғыз емессің», «бәрі бекер емес», «өміріңде болып жатқанның себебі бар» деген ой ұялатады. Бұл – психологиялық тұрғыда уақытша жеңілдік беретін механизм.

Нумерологқа жүгінген адам көбіне нақты шешім емес, түсіністік іздейтін секілді. Оны тыңдайтын, сөзіне сенетін, қолдау көрсететін біреудің болуы маңызды. Бұл тұрғыда нумерология белгілі бір деңгейде эмоционалдық терапия рөлін атқарады. Бірақ айырмашылығы – психолог ғылыми әдістерге сүйенсе, нумеролог символдарға, сандарға жүгінеді. Мұнда қауіп те бар. Себебі, адам өз өміріне жауапкершілікті біртіндеп өзінен алып, сыртқы «болжамдарға» тапсыруы мүмкін. «Сенің жолың жабық», «мына жыл саған қиын» деген тұжырымдар адамды әрекетсіздікке, тәуелділікке итермелеуі ықтимал.

Қоғамда нумерологтар мен тарологтарды ашық алдап-арбаушы деп атау да, керісінше оларды абсолютті шындық иесі ретінде қабылдау да біржақты көзқарас. Бұл құбылысқа байыппен қарау қажет. Бір жағынан, бұл – сұраныс бар жерде ұсыныс

пайда болатын нарық. Екінші жағынан, бұл – қоғамдағы психологиялық қолдау жүйесінің әлсіздігін көрсететін индикатор. Егер адам өз мәселесін ашық айтып, кәсіби көмек ала алмаса, ол балама жолдарды іздейді. Ал ол жол әрдайым қауіпсіз бола бермейді. Дін тұрғысынан да бұл тақырыпта пікірталас көп. Кей дінтанушылар нумерология мен бал ашуды сенімге қайшы деп санайды. Ал кейбірі адамдардың мұндай ілімдерге бет бұруын рухани аштықтың белгісі ретінде бағалайды.

Шынында да, адам табиғатынан белгісіздікті түсінгісі келеді. Болашақты болжауға деген ұмтылыс – адамзатқа ортақ қасиет. Бірақ мәселе сенім мен жауапкершіліктің тепе-теңдігінде. Егер адам нумерологияны өмірді түсінудің қосымша құралы ретінде қабылдап, шешімді өзі қабылдай

алса – бұл бір мәселе. Ал егер тағдырын толығымен соған байлап қойса – бұл басқа. Қазіргі таңда оқырманы көп блогерлер өз парақшаларында нумерологтарды жиі насихаттайды. Олар ай сайын кеңес алып отыратынын, маңызды бастама көтерер алдында міндетті түрде нумерологпен ақылдасып, шешім қабылдайтынын ашық айтады. Мұндай жеке тәжірибесін бөлісе отырып, оқырмандарына да «жүгініп көріңіздер» деп кеңес береді.

Нумерология болсын, тарология болсын, кез келген ілімге күмәнмен қарау – оны жоққа шығару емес, саналы қабылдау. Егер адам өз өміріндегі мәселені түсінуге бірнеше көзқарасты салыстыра алса, ол адаспайды. Ал бір ғана «тағдыр формуласына» сеніп қалу – өмірдің күрделілігін тым қарапайым етіп көрсету.



(Сурет: ЖИ).

✓ **СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?**

**Тоғжан ЖӘНІБЕКОВА,
нумеролог:**

– Мен өзімді танымал нумерологпын деп айта алмаймын. Дегенмен, жақындарымның туған күні мен жылы арқылы олардың энергиясы мен мінез-құлқына қатысты талдау жасап беретінім бар. Мұны табыс көзі емес, жеке қызығушылығым, хобби ретінде қабылдаймын. Мысалы, туған күні көпшілікке белгілі жұлдыздар мен актерлерге нумерологиялық шолу жасап, оны әлеуметтік желідегі парақшама саламын. Бұл материалдар кей оқырмандардың қызығушылығын тудырып, оқылып жатады.

Нумерологияны көбіне болашақты болжау немесе «тағдырды өзгерту құралы» деп қабылдайды, бірақ бұл қате түсінік. Нумерология – адамның мінез құрылымын, энергия бағыттарын, ішкі ресурстарын түсінуге арналған символдық жүйе. Ол нақты шешімнің орнына жүрмейді, тек ойлануға себеп береді. Туған күн арқылы адамның белгілі бір қасиеттерге бейімділігін, қай салада өзін еркін сезінетінін байқауға болады. Бірақ бұл – үкім емес. Мен жеке өз басым ешқашан «сенің жолың жабық» немесе «мына жылы сенде міндетті түрде қиындық болады» деп айтпаймын. Өкінішке қарай, әлеуметтік желіде дәл осындай қорқыту арқылы жұмыс істейтін псевдо-мамандар бар. Олар нумерологияның мәнін бұрмалап отыр.

Адамдар бізге көбіне нақты сұрақтан гөрі, ішкі тыныштық іздеп келеді. Бұл жерде нумерологтың жауапкершілігі өте жоғары. Егер адамды үрейлендірсең, сен көмектескен жоқсың, керісінше зиян келтірдің. Сондықтан нумерологияны психологияға қарсы қою дұрыс емес. Керісінше, адам өзін тереңірек тану үшін әртүрлі құралды саналы түрде қолдана білуі керек.

**Бекзат САХИДАВЛЕТОВА,
психолог:**

– Адам нумерологияға немесе тарологияға жәй қызығушылықпен келе салмайды. Көбіне ол сол сәтте ішкі тірегінен айырылғандай күй кешіп жүреді. Өмірінде бірдеңе дұрыс болмай жатыр, ал нақты себебін өзі де анық айта алмайды. Қаржы қысады, қарым-қатынас шаршатады, болашақ бұлыңғыр көрінеді. Осындай кезде адамға ақылдан гөрі, «мені біреу түсінсе екен», «тезірек барлығын шешсем екен» деген сезім әлдеқайда маңызды болады. Нумерология дәл осы эмоцияға әсер етеді. Адам өз ішінде жүрген алаңдаушылықты сырттан естиді, біреу оның күйін «атағандай» болады. Бұл уақытша тыныштық сыйлауы мүмкін. Бірақ қауіп те осында.

Егер адам бір сәттік жеңілдікті шынайы шешіммен шатастырып алса, ол өз өміріне жауапкершілікті біртіндеп сыртқа ысыра бастайды. «Мен емес, сан солай көрсетті», «тағдыр солай» деген ой қалыптасады. Психология үшін ең маңыздысы – адамның өз таңдауын өз қолында қалдыру. Психолог бағыт береді, бірақ шешім қабылдамайды. Ал нумерологияда бұл шекара жиі бұзылады. Сондықтан мұндай тәжірибелерді толық жоққа шығару да, соған толық сүйену де дұрыс емес. Ең бастысы – адам өзін тыңдай алуы және өмірін өз қолында ұстай алуы керек деп ойлаймын.



ЖЫЛДАР, ЖЫЛДАР, СЕНДЕ СЫР БАР...

Тарихшы-ұстаз Шора Қарабаев өмірінің өнегелі өрнегі

Көрнекті ұстаз–ғалым, тарихшы, қоғам белсендісі, социология ғылымдарының кандидаты Шора Қарабаев бүгінде мерейлі 75 жасқа келіп отыр. Иә, бұл жастың да айтары, ойы, түйгені, жүріп өткен жолы бар. Әріне, жолым даңғыл болды дей алмайды кейіпкеріміз. Біз бүгін осы азаматтың бейнесін ашуға тырысамыз.



Нұржамал
Әліш

Боранда түлеген бала арман

Шора Қалықұлы Жамбыл облысының Меркі ауданында теміржолшы отбасында дүниеге келген. Анасы он құрсақ көтерсе де, көбі ашаршылық жылдары көз жұмып, өзінен тоғыз жас үлкен әпкесі ғана аман қалыпты. Кейін тағы екі ұл өмірге келіп, үшеуі өмірі қиындықпен өткен әке-шешесіне қолқанат болып өседі. Машақаты мол жылдарда бір үйлі жан есігі ашылса, дала көрінетін бір бөлмелі баспанада ғұмыр кешті. Қаңтардың басында туғандығынан да болар, бала күнінен суық тиіп ауырып қала беретін.

Қатал тағдырының сынағы сонымен де бітпеген екен, жастайынан әкеден айырылған үшеуі бір-бірін сүйеп, анасын демей жүріп жетілді. Амал не, өзінің бұғанасы қатпай жатып арқа тірек болған әкенің денсаулығы сыр беріп, ревматизм болып екі аяқтан жүруден қалады. Сонда үйдегі ер-азамат атқарар шаруаның салмағы он екі жастағы Шораның иығына түседі. Қой да бақты, бақташы да болды. Шөп шауып, отын да жарды. Бірақ білім алуды да ұмытпады. Аяулы әпкесінің қолдан тігіп берген шүберек-дорбасына кітап-дәптерін салып алып, разьезден екі шақырымдай жердегі мектепке оншақты баламен жаяу қатынап оқыды. Қараңғы түсіп кетсе әпкесі алдынан шығып күтіп алатын. Ақтүтек боранды күндері де сабақтан қалмады. Оның алыс та асқақ армандары сол ақтүтек борандарда шындалып, түлесе керек. Себебі, әлемнің бар жақсысын ілім-білімнен табатынын бала күнінен түйсініп өсті.

Сана да, тән де сергек

Бастауыш сыныптарда неміс апайынан, кейінгі сыныптарда украин апайынан тәлім алды. Бірде Зоя Александровнаның небәрі жетінші сыныпта оқып жүрген Шораны «Бір жылда жетпіс алты кітап оқыпты» деп қатарластарына үлгі еткені бар. Иә, ол тарихи кітаптарды, көркем шығармаларды көп оқыды. Он бес жасына дейін шетел классиктерінің де том-том роман-дарын түгескен болатын.

Теміржолдың бойында әріректе стадион секілді кішігірім алаңқай болатын. Шора сол маңды жүгіру алаңы жасап алған. Күнде таңертең сонда бірнеше шақырым жүгіріп келеді. Спортқа да жақын болды. Бар ойы – күйкі тірлікке жұтылып кетпеу, санасын да, тәнін де сергек ұстау-тын.

Менің бағдаршамым

Әкесі қайратты, намысшыл кісі еді, ешкімге иіле қоймайтын. Әділетсіздікке жаны тәзбейтін, үнемі әлсіздерге болысып жүретін.

Шора Қалықұлы өзіне әкеден осы қасиеттері дарыған деп есептейді. Марқұм әкесі ешқандай оқу тауыспаса да, мақал-мәтелдеп сөйлегенде алдына жан салмайтын. Інісі екеуін тізесіне отырғызып алып, ертегілер айтып беретін. Майын тамызып тұрып айтатыны соншалық, қос құлыны көздеріне ұйқы тығылғанша тапжылмай отырып тыңдаудан жалықпайтын.

Шешесі Күлшай асқан еңбекқор, төзімді жан еді дейді кейіпкеріміз. Әкесі жылқы ұстады. Анасының аяғын созып қойып еркін бір ұйықтаған сәтін көрмепті-ау. Ылғи бие сауып жүреді. Сосын түнімен күбі пісіп, май шайқап, қымыз сапырып тұратыны әлі күнге көз алдында. Бәлкім, ғалымға анасының осындай еңбекқорлығы дарыған болуы керек.

Сын сағатта сынбағын

Әкесі қайтыс болғанда Шора он жетіде еді. Ал інісі небәрі он үште. Рас, әкей кеткенде асқар тауы құлағандай сезінді өзін. Ендігі күніміз не болады, қалай оқимын, тарихшы, мұғалім болсам деген арманым енді орындалмай ма деп қапаланғаны есінде. Үйдегі бас көтерер адам бір өзі болып қалған соң, мектепті бітірген 1968 жылы теміржолға жұмысқа кіріп, бір жыл еңбек етеді. Одан Алматыда теміржол техникумында оқып, әскер қатарына алынады. Орыс жеріне Қазақстаннан барған қағылез, сергек, суңғыла һәм шымыр денелі жігіт бірден көзге түседі. Көп оқыған, көп білетін сарбаз бірден рота және әскери бөлімде жастар одағын ұйымдастырушы, яғни комсорг болып қызмет етті.

Желтоқсан желі

Әскерден соң, 1972–1979 жылдары С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің (қазіргі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ) Тарих факультетінің арнаулы тобында оқып, неміс-орыс тілдерінде қоғамтанушы мамандығын игерді. Студенттік ғылыми һәм қоғамдық жұмыста, студенттік құрылыс жасағында және университеттің футбол құрама командасында аса белсенді болды.

Университетті тәмамдағаннан кейін Жамбыл қаласындағы орта мектепте тарихтан және қоғамтанудан екі жыл сабақ берді. Студенттік кезеңнен социологиялық және ұлттық мәселемен айналысып жүргендіктен, 1981–1986 жылдары Жамбылдың гидрометеориация және құрылыс, Қазақ ауыл шаруашылық институттарында, Қазақ мемлекеттік университетінде ғылыми коммунизм пәні бойынша сабақ берді. Осы кезеңде орыстандыру саясатының келеңсіздіктерін көрсету мақсатында жеке дербес зерттеулер өткізіп, қазақтардың 40 пайызы ана тілін-



• ЖЕТІ сауал

«БАЛАЛЫҚ ШАҒЫМА ОРАЛҒЫМ КЕЛЕДІ»

– **Өміріңіздің қай кезеңін қайта сүргіңіз келеді?**

– *Балалық шағыма қайта оралғым келеді. Қолым жетпей қалған кейбір оққылықтардың орнын толтырар ма едім, кім білсін? Кітапқұмар болған шағым қатты ұнайды. Аудан орталығы – Меркіге әр жексенбіде пойызбен немесе автобуспен арнайы шығып, үш кітап дүкенін де армансыз аралайтынмын. Сонда шешем қолыма бір сом ұстататын. Жолпұлыма жиырма тиынын жұмсаймын, қалғанына кітап алып қайтатынмын.*

– **Көп ішінде жалғызсырайтын сәттеріңіз бола ма?**

– *Мен сияқты адамдарда дос көп бола бермейді. Маған жеке отырып ойға шомған, шығармашылықпен айналысқан ұнайды. Уақыт уысында тұрмайды, зымырап жатыр. Бұрын жас күнімде қатарластарымнан гөрі өзімнен бес-алты жас үлкен жігіттермен дос болатынмын. Ал қазір керісінше, жастармен пікірлескен ұнайды. Бүгінгі жаһандану дәуіріндегі жастардың ой-толғамы, көзқарасы басқаша. Кейде аға буын бүгінгі жастар не болып бара жатыр деп көңілі толмайтынын білдіріп жатады. Қазір уақыт мүлдем басқа ғой. Сондықтан ұрпақтар арасындағы қақтығыс – ол заңдылық.*

– **Нені кешіре алмайсыз?**

– *Кезінде жақсылығыңды көрген, бірақ кейін ұмытып кеткен адамдармен қайтадан өмір жолымыз тоғыспаса екен деп тілеймін.*

– **Неден қорқасыз?**

– *Біреуді ренжітіп алудан қорқамын. Мені білетіндердің ешқайсысы маған ренжімей өтсе екен деймін. Осы жасап жатқан дүниелерім түгел кітап болып басылып, кейін оқылмай, бағаланбай қалудан қорқамын.*

– **Кімдерді сағынасыз?**

– *Әке-шешемді сағынамын. Әкеміз ерте кетіп қалды. Анам қуансыншы деп, теміржолдан тапқан ақшама диван, гардероб, телевизор әпергенім есімде. Ол тұста әркімнің қолы жете бермейтін қат дүниелер ғой. Әскерде жүргенде үнді шайын салып жіберетінмін. Сонда біздің алдымыздағы бірнеше баласын жер қойнына берген, қолын жылы суға да малып көрмеген шешемді солай әспеттегім келген болар, бәлкім. Ата-ананың орны әманда бөлек қой!*

– **Жүрегіңізді не жылытады?**

– *Димаш секілді жастардың, спортшыларымыз болсын, қазақты әлемге танытып жатқанын теледидардан немесе әлеуметтік желіден көріп қалып жатсам, сондай сәттер жүрегіме қуаныш сыйлайды.*

– **Арманыңыз бар ма?**

– *Ғылым жолынан қаншама тауқымет көрсем де айнығаным жоқ. Себебі, бұл жол маған рахат, ләззат сыйлайтын. Әлі де жазатын, ойға алған тақырыптарым бар, соны жазып қалдыруға уақыт сұраймын Алладан. Тағы бір үлкен арманым – немере сүйгім келеді.*

де нашар сөйлейтінін, ал 10 пайызы өз тілін мүлдем білмейтін күйге жеткенін анықтады. Орыстанудың және ұлтаралық араздасудың түпкі себебі отаршылдық экономикалық саясатпен байланысты екенін дәріс кезінде де, жүрген ортасында да айтудан жалықпады. Қазақ халқының өз жеріндегі теңсіздік ахуалын көрсету мақсатында «Ұлтаралық қатынастар жеке тұлға деңгейінде» деген тақырып төңірегіндегі кандидаттық диссертациясын қолға алады. Бұл кезде Шора Қарабаев Қазақ мемлекеттік университетінің тәрбие ісі жөніндегі проректор көмекшісі (1984–1987 жылдар) еді. Ғылыми жұмысына арқау етіп

алған мәселенің өзектілігі 1986 жылғы Желтоқсан дүрбелеңі кезінде расталғанымен, тиісті орындар оның мәнін теріс бағалап, «антисоветтік насихат жүргізуші, тәртіпсіздікті ұйымдастырушы және ұлтшылдықты қоздырушы» деп айып тағып, жұмыстан қуып, онымен қоймай бас бостандығы-

нан айырып, түрмеге жапқан. Сондай сын сағатта сот кезінде оны қорғап шыққан, шындықты бұрмаламай әділдігін айтқан жалғыз адам – сол кездегі студент Талғат Мекебаев болатын.

Дәйекті болжам

1990–1995 жылдары Ұлттық академияның экономика және философия институты жанындағы Әлеуметтану орталығында ғылыми қызметкер болып жүргенде үйсіз, күйсіз, «Жетім бұрышты» жағалап жүрген қазақ жастарының жай-күйіне жаны ауырып, «Қазақтар өз елінде, өз жерінде неге баспанасыз, оның түпкі себебі неде?» деген мәселемен айналысып, ұлтқа қатысты өзге де өзекті саяси қозғалыстардың белортасында жүрді.

Сондай әлеуметтік-саяси тақырыптарды ішінен індетте зерттеп, «Қазақстанның өтпелі кезеңінде қоғамдық қозғалыстар мен партиялардың этноәлеуметтік құрылымы» тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғап шықты. Бұл ғылыми жұмысы өтпелі кезеңде этникалық негізде құрылатын партиялар мен қоғамдық қозғалыстардың күшеюі дағдарысты жағдайдың, Кеңестік дәуірде ұлттық ерекшеліктердің жойылуына байланысты өрбіген үдеріс ретінде бейнеленді. Кейін Қазақстанда жүргізілген саясат, ұлтаралық қатынастар мен қоғамдық қозғалыстар және партиялардың дамуы диссертацияда жасалған болжамдармен дәл келді.

Ұлтқа қызмет

Шора Қарабаев 1995–2017 жылдары университеттерде әлеуметтану пәнінен сабақ берді. Осы жылдары мерзімдік және ғылыми басылымдарда өтпелі кезеңнің және азаматтық қоғамның мәселелеріне арнап 160-қа жуық мақала жариялады.

Ғалым осы мақалалары мен «Әлеуметтану негіздері» атты оқулығында және «ҚР азаматтық қоғамның тұрақты дамуының әлеуметтік-мәдени негіздері» монографиясында азаматтық қоғамның әлеуметтік-мәдени, әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтік-құқықтық негіздеріне назар аударды. Шора Қалықұлы мектепті, университетті орысша оқығанына қарамастан қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін орнықтыруға өз үлесін қосып, студенттерге арналған оқулықтарын ана тілде жазып шықты.

Ал берінде жазған екі ғылыми еңбегі кезінде өзі де «таяғын жеген» Желтоқсан оқиғасына арналған. Біреуі «Тәуелсіздікке жеткізген желтоқсандықтар», ал екінші кітап «Ұлттық намыс туын көтерген Желтоқсан» деп аталады. Екі кітапта да ресми деректер, ащы шындықтар жазылған, нақты кейіпкерлер өмірі бейнеленген.

Шора Қарабаев пен зайыбы екеуі өздерінің бір ұл, бір қызымен қоса оқу-білім іздеген ағайын-туыстың балаларына да шырақшы, жол нұсқаушы болды. Айналасын ғылым-білімге баулу, олардың білім алуына қолдау көрсетуді де ұлтқы қызмет етудің бір парасы деп қабылдаған отбасы, бұл күнде сол игі істерінің ізгі шарапатын көріп отыр.



5 қаңтар – қазақтың Абай мен Шәкәрім, Әуезов сынды тұлғаларының ғылымдағы ұлан-ғайыр болмысын негіздеген, оған қоса алаштану ғылымының да іргесін қалаған ғалым, қаламгер, ұстаз әрі қоғам қайраткері Қайым Мұхамедхановтың туған күні. Биыл ғалымның туғанына 110 жыл толып отыр. Осылайша ұлы тұлғаларды танудың ғылымдағы бағдары болған ұстазды дәріптеудің, яғни «қайымтанудың» уақыты да жеткендей.

Қайым Мұхамедханұлының туған, өскен ортасы да оны осы іргелі ғылымға еріксіз алып келгендей. Әкесі Мұхамедхан Сейітқұлұлы (1870–1937) – өз дәуірінің мәдениет меценаты, ағартушы және кәсіпкері. Әрі айналасын мәдени құндылықтарға біріктірген айтулы тұлға болды. Шаңырағында ұлы Абай мен Шәкәрім де, алаш зиялылары да бас қосып отырған.

– Дәл осы үй Мұхтар Әуезов пен Қайым Мұхамедхановты өмірлік және рухани түрде байланыстырды. Сол қиын-қыстау заманда олар қазақ халқының рухани мұрасының тұтас бірнеше қабаттар жоғалып кетуден сақтап қалды, – дейді «Қайым Мұхамедханов атындағы Білім және мәдениет орталығы» қоғамдық ұйымының директоры Дина Мұхамедхан.

Қайым Мұхамедханов 1924–1928 жылдары Жаңасемей қаласындағы бастауыш қазақ мектебінде оқып, 1929–1932 жылдарда Семей қаласы колхоз жастары мектебінде білімін жалғастырған. 1936–1937 жылдары мұғалімдер даярлайтын курсты тәмамдап, кейін Семей педагогикалық институтына түскен. Алайда, әкесі тұтқындалғаннан кейін ол педагогикалық институттан қуылған. Оған қарамастан, ғалым 1930

ҚАЙЫМ МҰХАМЕДХАНОВ – 110 ЖЫЛ!



жылдардың соңында Мұхтар Әуезовтің тапсырмасымен ел болашағы үшін маңызды жұмыстарды атқарды. 1940 жылы Семей қаласында тұңғыш Абай мұражайының ашылуына тікелей себепші болды. Мәдени-тарихи нысанды ұйымдастыру үшін Қайым Мұхамедханов шалғай ауылдарды аралап, Абайды көзі көрген ақсақалдармен әңгімелескен. Оның тұрмыстық заттары, киімдері, кітаптары мен қолжазбаларының шынайылығын нақтылаған. Одан бөлек, ғалым Абайдың ақындық мектебін терең зерттеп, қайта жаңғыртуға және ақынның құнды

сөздерін текстологиялық талдау әдісімен сақтап қалуға өлшеусіз үлес қосты.

– Қайым Абай жолындағы табанды да батыл күрескер болды. Ол ұлы ақынның мұрасын сақтап қалды, Абайдың 100 жылдық мерейтойын өткізу үшін және ақынның тұңғыш ескерткішін орнату үшін күресті. Абайдың барлық шәкіртінің аттарын анықтап, жинаған деректері негізінде алғаш рет олардың толық өмірбаянын жазды.

Ең бастысы – ғылыми текстологиялық талдау әдісі арқылы барлық шығармаларды қалпына келтірді және әр шығарманың

авторлығын дәлелдеді, – деді Дина Мұхамедхан.

1951 жылы Қайым Мұхамедханов «Абайдың әдеби мектебі» диссертациясын қорғады. Ал 1995 жылы, көп жылдық зерттеулерінің түйіні ретінде Абайдың 150 жылдық мерейтойында «Абайдың ақын шәкірттері» атты 4 томдық кітабы шықты. Алайда, бұл зерттеулері үшін кеңестік кезеңде ғалым қуғынға ұшырап, тұтқындалған. Тек Қазақстан Тәуелсіздік алған соң, оның еңбегі тиісті деңгейде бағаланды.

– Абай үшін, Абай мектебі үшін Қайым 25 жылға бас бостандығынан айырылды, бұл сол кезде іс жүзінде өлім жазасына тең болды. Ал 45 жылдан кейін ол осы еңбегі мен Отанға қызметі үшін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығымен марапатталды. Жастар бұл тарихты білуі тиіс, – деді қоғамдық ұйым директоры.

Қайым Мұхамедханов еңбектеріне тоқталсақ, ол Карлагта «Туған ел – алтын бесік», «Балаларыма», «Жұбайым Фархинурға», «Отырдық тар қапаста күнді санап», «Шерубай станциясы» және өзге де өлеңдерді жазған. Сонымен қатар, Н.Карамзиннің «Сормандай Лиза» повесін қазақ тіліне аударды. Драматург ретінде «Майданнан майданға», «Комиссар Ғаббасов», «Перне» мен «Ер Білісай» пьесаларын жазды. КСРО халық әртісі У.Гаджибековтың «Аршын-мал-алан» музыкалық комедиялық қойылымын алғаш рет қазақ тіліне аударды. Жалпы, саналы ғұмырында тарихи тұлға 1000-нан астам ғылыми еңбек жазды.

Қайым Мұхамедханов 2004 жылы 88 жасында өмірден өтті. Ғалымның есімі көптеген энциклопедияларға енді. 2010 жылы ғалымның туған жері Семей қаласында ескерткіш орнатылды. Ал үйіне мемориалдық тақта қойылды. Ал былтыр Алматы қаласының Алатау ауданында атауы жоқ көшеге оның есімі берілді.

Әзірлеген
Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.



СЕМЕЙДІҢ СЕРІСІ

Музыка мектебінің шамшырағы
Бидахмет Сапарбекұлы туралы үзік сыр

киімі құп жарасқан келбетті жігіт Әсет Бейсеуовтің «Алтыным» әнін баянға қосылып орындап отыр екен. Таныстығымыз сол кезден басталып, кейін отбасылық өмірге ұласты.

Диапазоны кең, биік, ашық дауыс иесі Бидахмет Сапарбеков өз мамандығы домбырамен қоса пианинода, баянда, гитарада еркін ойнайтын.

Мен оқуымды аяқтаған соң, біз Семей облысының Жарма ауданына қызметке орналастық. Бидахмет Георгиевқа ауылындағы Абай атындағы орта мектепте ән-күй сабағынан берді. Ауыл тұрғындарының басым көпшілігі орыстар мен немістер болғандықтан, ұлттық аспаптарға мән берілмеген жерде домбыра оркестрін құрып, көркемөнерпаздар үйірмесін ұйымдастырды.

Кейін аудан орталығында тұңғыш рет ашылған музыка мектебінің директоры болды. Ол музыка мектебінде Ресейдің өнер институтын, Мәскеу консерваториясын бітірген өз ісінің асқан шеберлері еңбек етті. Себебі, аудан аймағында Ресейдің екі әскери бөлімі тұрған. Сондағы офицерлердің әйелдері – музыка мамандары Бидахмет Сапарбекұлының кемел басшылығымен жасөспірімдерді классикалық музыканың әлемдік

Бидахмет Сапарбекұлы
1947 жылы 3 наурызда
дүниеге келген. Бұрынғы Семей облысының
Ақсуат ауданындағы мектептің 9-сыныбын бітірген
соң, 1965 жылы Семей қаласындағы Мұқан Төлебаев
атындағы музыкалық училищеге түсіп, оны 1969
жылы домбыра класы бойынша үздік
аяқтаған.

туындыларымен таныстырып, сұлулық, әсемдік әлеміне баулыды. Сол шәкірттердің көпшілігінің кейіннен танымал музыка мамандары болып қалыптасуы – Бидахмет Сапарбеков басқарған мектеп ұжымының жемісті еңбегінің нәтижесі екені сөзсіз.

Сол жылдарда ауданаралық көркемөнерпаздар байқауы кең өріс алып, «Ел іші – өнер кеніші» дегендей, жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шыққан өнерпаздар облыс, республика көлеміне атақ-даңқтары жайылып, лауреат атанып жатты. Осы игі істің басы-қасында да өз мамандығын жан-тәнімен сүйетін, бүкіл болмысы ән мен күйден жаралған бесәппәл өнерпаз азамат Бидахмет Сапарбекұлы жүретін.

Биыл желтоқсан айының 19-шы жұлдызында ардақты әке, асыл азамат, майталман музыкант, жел жағымыздың панасы, ық жағымыздың саясы болған, нұрлы ақыл мен жылы жүректің иесі – Бидахмет Сапарбекұлының өмірден өтіп, орны ойсырап қалғанына 30 жыл толды.

Әкелерінің шашына шаң жұқтырмай, кірпігіне кір түсірмей еркелетіп өсірген үш сүйікті перзенті үшін Бидахмет – қатерден қорғайтын қалқан, арқа сүйер тірек, ақыл-кені, асыл тегі, алдарынан шығатын даңқы, көтерілер тұғыры, тағылым алар үлгісі еді...

Әкелері өзінің мамандығы өнермен, музыкамен байланысты болса да, балаларының Заң саласының мамандары болуын армандады. Үш перзенті де мектепті Алтын медальға бітіріп, әке үмітін ақтап, аманатына адал болып, абырой биігінен көрініп, мәртебелі қызметтер атқарып жүр.

Тұңғышымыз Анар ұзақ жылдар бойы мемлекеттік қызмет атқарып келсе, Динарамыз Қытай банкінде департамент бастығы, техника ғылымының докторы. Шынарымыз Алмалы аудандық Әкімшілік сотының судьясы болып еселі еңбек етіп жүр. Аталарының өмірінің жалғасы, тамырларында тазалықтың, талғампаздықтың, тектіліктің тамшылары бар: Әсем, Айя, Айзере, Азат атты төрт немересі мен Альтаир атты тәтті шөбересі бар.

Бидахмет Сапарбекұлы Жаратушы Иеміз елден ерек қабілет берген, жан-жүрегі адамгершіліктің, адалдықтың асыл қасиеттерімен нұрландырған,

мінезі ақ сарайдай ашық, бақытты шаңырақтың бас иесі еді... Ол – туғанынан-ақ ырзыдық несі-бесі мол, уызына жарыған, жандүниесі дархан, сегіз қырлы, бір сырлы, біртуар, бірегей азамат еді... Перзенттерінің бойындағы тектілік пен парасаттылық әкеден бастау алары сөзсіз, сондықтан әкелерінің дана да дара тұлғасы, жарқын бейнесі олардың жүрегінде мәңгі сақталып, кемел келешекке жол сілтейтін алау болып, жарығын түсіріп тұра бермек.

Асыл азамат, сенімді серік Бидахметпен бірге өткізген ширек ғасыр уақыт ішінде біз сыннан да, шыңнан да мүлтіксіз, сүрінбей өттік. Бір-бірімізді құрмет тұтып, қастерлей білдік. Патша көңілдің терезесін кірлетпедік, тазалыққа көлеңке түсірмедік.

Өзім Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің үздігі, Ыбырай Алтынсарин медалінің иегерімін, зейнет жасына жетсем де, Алматы қаласындағы №131 Бауыржан Момышұлы атындағы мектеп-лицейде педагог-шебер ретінде еңбек етіп жүрмін.

Қазір азаматымның шаңырағын шайқалтпай, алтын босағасын берік ұстап, Жаратушыдан балаларымыз бен немере, шөбереміздің амандығын тілеп, жар аманатына адал болып отырған аяулы ана, сүйікті әжемің. Қырық тоғыз мүшел жасына жетпей өмірден озған адал жарымның асыл бейнесі, махаббатқа толы бүкіл болмысы менің жүрегімде мәңгі сақталады.

Сізге Алладан рахым, Пайғамбардан шапағат тілейміз! Жаныңыз жәннатта болсын, ардақты әке, асыл азамат!

Гаухар КЕЛДЕНОВА,
ҚР білім беру үздігі,
Ы.Алтынсарин төсбелгісінің иегері, педагог-шебер.



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САЯСАТ

АШЫҚҚА ШЫҚҚАН КҮРДЕЛІ РИТОРИКА

Каракастағы операцияның астарында не жатыр?

Америкалық арнайы күштер 3 қаңтарда Венесуэла президенті Николас Мадуроны жұбайымен бірге ел астанасы Каракастан алып шығып АҚШ аумағына жеткізілді. Бұл тікелей Дональд Трамптың бақылауымен жүргізілген әскери операция нәтижесінде жүзеге асты. Ақ үй Николас Мадуроға есірткі экспортына қатысу, заңсыз миграцияға жол беру секілді бірнеше бап бойынша айып тағып, Нью-Йорк қаласындағы Есірткіге қарсы күрес департаментіне жеткізген.

Бұл оқиға жаһанды дүр сілкіндірді. Дегенмен, шет мемлекет басшысын арнайы операция арқылы тұтқындап, АҚШ аумағына әкету, АҚШ сыртқы саясатында алғаш рет орын алып отырған жоқ. Мәселен, 1989 жылғы 3 қаңтарда Панама басшысы Мануэль Норьега «Әділетті іс» арнайы операциясы аясында ұсталып, Майамиге жеткізілген болатын. АҚШ пен Венесуэла арасындағы бұл саяси тартыстың салдары жаһандық қауіпсіздікке қалай ықпал етеді? Мақаламызда мәселенің жай-жапсарын талдап көрелік.

Әлбетте, АҚШ әрекеті әлем елдерінің наразылығын тудырмай қалған жоқ. Алдымен, Колумбия президенті Густаво Петро АҚШ-тың әрекетін тәуелсіз мемлекеттің егемендігіне негізсіз қол сұғу және жаһандық тәртіпті бұзу деп айыптап, БҰҰ Қауіпсіздік кеңесі отырысын шұғыл өткізуге шақырды. Ізін ала Еуропалық Одақ, Қытай, Ресей және басқа да бірқатар мемлекеттер ұстанымдарын ашық түрде жариялады. Ресми Вашингтон Мар-а-Лагода баспасөз мәслихатын өткізіп, БАҚ өкілдеріне АҚШ-тың ресми ұстанымын Венесуэланы «диктаторлық режимнен азат ету» мақсатында деп түсіндірді.

МӘСЕЛЕНІҢ МӘНІ ТЕРЕҢДЕ

АҚШ пен Венесуэла арасындағы саяси дағдарысты тек ішкі саяси тұрақсыздық, биліктің легитимділігі, құқықтық айыптаулар аясында қарастырсақ, мәселенің толық бейнесін аша алмас едік. Себебі, қақтығыстың түпкі мәні әлдеқайда тереңде жатыр. Венесуэла соңғы елу жыл ішінде саяси менеджмент саласында бірқатар жүйелі қателіктерді бастан өткерген ел. Соның салдарынан елде экономикалық дағдарыс ушығып, халықтың әлеуметтік жағдайы нашарлады, ал сыбайлас жемқорлық мемлекеттік басқарудың барлық деңгейіне кеңінен жайылды.

Сонымен қатар, соңғы онжылдықта ресми Каракас сыртқы саясатта стратегиялық маңызы бар шешімдер қабылдай бастады. Атап айтқанда, 2018 жылдан бастап Венесуэла мұнай өнімдерін экспорттауда АҚШ долларымен қатар юань және рубль сияқты баламалы валюталарды қолдануға көшті. Бұл шешім елдің халықаралық қаржы жүйесіндегі бағытын қайта айқындады. Латын Америкасында Ресей мен Қытайдың ықпалы айтарлықтай күшейіп, ресми Вашингтон үшін өңірдегі күштер теңгерімі бұзыла бастады.

ТАБИҒИ РЕСУРСТАР «ҚАРҒЫСЫ»

Дәстүрлі түрде АҚШ-тың стратегиялық ықпал аймағы саналған Латын Америкасында Қытай инфрақұрылым, қаржы және энергетика салаларына ауқымды инвестициялар бағыттаса, Ресей әскери-техникалық ынтымақтастық пен саяси серіктестік арқылы өз позициясын нығайта түсті. Бұл тұрғыдан алғанда, Венесуэла АҚШ үшін жәй ғана проблемалық мемлекет емес, аймақтық геосаяси тепе-теңдікті қайта қалыптастыратын түйінді нүктеге айналды.

Бұл үрдісті одан әрі күрделендірген тағы бір маңызды фактор – Венесуэланың BRICS ұйымына мүшелікке ұмтылысы.

BRICS тек экономикалық платформа ғана емес, Батыс басымдық еткен халықаралық қаржы және даму институттарына балама ұсынуға бағытталған көпполарлы жоба. Венесуэланың блокқа жақындасуы елдің АҚШ жетекшілік ететін жүйеден біртіндеп алыстап, баламалы жаһандық архитектураға интеграциялану бағытын таңдағанын айқын көрсетті.

Венесуэланы Украинамен немесе Ирак, Ливиямен салыстыру аналитикалық тұрғыдан негізсіз. Себебі, Венесуэла жағдайының өзегі әскери қақтығыстарда емес, энергетикалық ресурс пен бақылау механизмдеріне қожалық ету жүйесінде жатыр. Елдің дәлелденген мұнай қоры 303 миллиард баррельден асады. Мемлекеттің геосаяси маңызы оның саяси режимінен бұрын, ең алдымен, энергетикалық әлеуетімен айқындалады. Николас Мадуроға қатысты қатаң қадамдардың артында да дәл осы мұнай нарығына деген стратегиялық мүдде жатыр.

Мұнай саудасы тек энергетика саласына қатысты мәселе емес, сонымен қатар валюталық үстемдікпен және жаһандық қаржы жүйесімен тікелей байланысты. Венесуэланың доллардан өзге валюталарды қолдануға көшуі символдық емес, жүйелік сипат алды. Қытайдың SWIFT жүйесіне балама ретінде CIPS төлем инфрақұрылымын дамытуы петродоллар жүйесінің институционалдық негізін біртіндеп әлсірете түсті. Әрі Венесуэла тек мұнай өндіруші ел ғана емес, долларлық қаржы тәртібіне балама ұсынуға қабілетті прецедентке айналды. Әрине, мұндай жағдаятта, Венесуэланың мұнай қоры жәй ресурс емес, әлемдік тәртіптің болашағын айқындайтын стратегиялық фактор ретінде алдыңғы қатарға шықты.

КҮШ ҚОЛДАНУ ТЕТІКТЕРІНЕ ҚАЙТА ОРАЛУ

3 қаңтарда өткен баспасөз мәслихатында Дональд Трамп Венесуэлада жүргізілген әскери операцияны «өте сәтті»

деп бағалап, негізгі мақсатын ел халқын диктатурадан азат ету және заң мен тәртіпті қалпына келтіру ретінде көрсетуге тырысты. АҚШ президентінің риторикасында операция «гуманитарлық сипаттағы қадам» ретінде айтылады. Вашингтон Венесуэлада билікті уақытша бақылауға алып, «қауіпсіз, орынды және әділ өту кезеңін» қамтамасыз етуді көздейді.

Алайда, баспасөз мәслихатындағы назарымызды аударған маңызды жайттардың бірі Ақ үйдің бұл әрекетін тек Венесуэламен шектелмеуі мүмкін деген ишарасы болды. Трамптың «қажет болған жағдайда келесі кезекте Куба немесе Мексика да болуы ықтимал» деген мәлімдемесі Латын Америкасы елдеріне бағытталған ашық саяси сигнал ретінде қабылданды. АҚШ-тың аймақтағы саясатында күш қолдану тетіктеріне қайта оралуы мүмкін екенін көрсетеді және «гуманитарлық араласу» ұғымының кеңейіп бара жатқанын аңғартады. Бір жағынан, Вашингтон Николас Мадуро режимін шеттеу арқылы Латын Америкасындағы әлсіреген ықпалын қалпына келтіруді көздесе, екінші жағынан, бұл әрекеті халықаралық құқық нормалары, мемлекет тәуелсіздігі және Біріккен Ұлттар Ұйымының жаһандық қауіпсіздік жүйесіндегі рөлі туралы күрделі әрі даулы сұрақтарды алға тартып отыр. АҚШ-тың біржақты шешімі халықаралық қауымдастықта прецедент қалыптастырып, «кім заңды, кім заңсыз режим» екенін күш арқылы анықтау тәжірибесін қалыптастыруы мүмкін.

САЯСАТ САХНАСЫНДАҒЫ СҰРАҚ

Мадуроның шеттетілгенінен кейін Венесуэлада биліктің қалай және кімнің қолына өтетіні әзірге белгісіз. Белгісіздік ел ішінде жаңа саяси қақтығыс пен тұрақсыздыққа бастауы мүмкін. Десе де, билікке ресми Вашингтонның бағытындағы саясаткердің келуі заңдылық.

Мар-а-Лагодағы баспасөз мәслихаты АҚШ-тың өзін «әділет пен тәртіптің қор-

ғаушысы» ретінде көрсетуге ұмтылысын айқын көрсетті. Бірақ бұл ұстанымның астарында геосаяси ықпал, аймақтық бақылау және стратегиялық мүдделер жатқаны анық. Венесуэла кәйсі АҚШ-тың халықаралық саясатта моральдық риторика мен күш саясатын қатар қолданатын күрделі әрі қайшылықты стратегиясын тағы бір мәрте айғақтап отыр.

Венесуэла дағдарысы жаһандық қауіпсіздікке кім жауапты деген сұрақты саясат сахнасына қайта шығарды. Ресми Вашингтон ұстанымын «диктатурадан азат ету», «қарапайым халықты қорғау» және «заң мен тәртіпті қалпына келтіру» риторикасымен негіздеуге тырысқанымен, 1945 жылдан бастап қалыптасқан әлемдік тәртіптің кезекті дағдарысына куә болып отырмыз.

Венесуэла дағдарысы қазіргі халықаралық қатынастардың басты парадоксын айқын көрсетті: жаһандық қауіпсіздік пен әділет ұғымы барған сайын күш пен мүддеге тәуелді сипат алуда. АҚШ өзін диктатурадан азат етуші және қарапайым халықтың қорғаушысы ретінде көрсетуге ұмтылғанымен, оның әрекеттері халықаралық құқықтың, егемендік қағидаттарының және ұжымдық қауіпсіздік механизмдерінің әлсірегенін байқатады. Бұл жағдай мәселенің тек Венесуэламен шектелмейтінін, оның энергетикалық ресурстар, валюталық үстемдік және көпполарлы әлемге өту процесімен тығыз байланысты екенін дәлелдейді. Егер қауіпсіздік біржақты шешімдер арқылы қамтамасыз етіле берсе, халықаралық тәртіп тұрақтылықтан гөрі белгісіздікке жақындай түсуі мүмкін.

Нұрболат
НЫШАНБАЕВ,
сарапшы,
«Тұран»
университеті.



Карикатура: «Алып қашу». Ғалым СМАҒҰЛ.





«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

2026 жылға «Almaty aqshamy» газетіне жазылу науқаны жалғасады

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді [aqshamnews.kz](#) сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2026 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 835,96 теңге, 3 айға – 2507,88 теңге, 6 айға – 5015,76 теңге, 11 айға – 9195,56 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1431,83 (қала), 1035,96 (ауыл) теңге, 3 айға – 4295,49 (қала), 3107,88 (ауыл) теңге, 6 айға – 8590,98 (қала), 6215,76 (ауыл) теңге, 11 айға – 15750,13 (қала), 11395,56 (ауыл) теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)

1 айға – 615,96 теңге, 3 айға – 1847,88 теңге, 6 айға – 3695,76 теңге, 11 айға – 6775,56 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

Құрметті оқырмандар!

«Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz сайты** арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде рәсімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «Almaty aqshamy» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте рәсімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет.

Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең.

Газет **Post.kz**-пен рәсімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет **24/7** қолжетімді.

Әсер ету скринингін қарау туралы хабарландыру

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 55-бабының 6-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігіне (бұдан әрі – ЭТРМ) стратегиялық экологиялық бағалау (бұдан әрі – СЭБ материалдары) жүргізу үшін мынадай құжаттар келіп түсті:

- «Алматы қаласының бас жоспарына түзету енгізу» жобасы аумағын сәулеттік-жоспарлау ұйымдастыру» түсіндірме жазбасы;
- «Алматы қаласының бас жоспарына түзету енгізу» жобасының тірек жоспары;
- «Алматы қаласының бас жоспарына түзету енгізу» жобасы аумағын кешенді қала құрылыстық бағалау схемалары;
- «Алматы қаласының бас жоспарына түзету енгізу» құжатын іске асыру кезінде қоршаған ортаға, адам өміріне және (немесе) денсаулығына ықтимал әсердің жалпы сипаттамасы;
- «Алматы қаласының бас жоспарына түзету енгізу» құжатын іске асыру жоспарланған аумақтың сипаттамасы.

СЭБ материалдарын әзірлеуші: «Алматы бас жоспары» Ғылыми-зерттеу институты» ЖШС.

СЭБ құжаттарының тапсырыс берушісі: «Алматы қаласы Сәулет және қала құрылысы басқармасы» КММ.

СЭБ әзірлеуге жауапты: Алматы қаласының әкімдігі.

СЭБ материалдары бойынша қорытындылар беруге жауапты уәкілетті орган: Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі.

Жұртшылықты (барлық азаматтар мен заңды тұлғаларды) келесі мәселелер бойынша өз ескертулері мен ұсыныстарын айтуға шақырамыз:

1) бас жоспарды жүзеге асыру қоршаған ортаға айтарлықтай әсер етуі мүмкін бе, егер солай болса, бұл қандай әсерлер және сіз оларды неге маңызды деп санайсыз?

2) бас жоспар бекітілгенге дейін қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына қандай әсерлерді зерделеу қажет және неге?

3) бас жоспарды іске асыру кезінде қоршаған ортаға, адамның өміріне және (немесе) денсаулығына ықтимал әсердің жалпы сипаттамасын қалай бағалайсыз? Сізді қандай ақпарат қызықтырады және неге?

4) сізде Бас жоспарды іске асырудың қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына ықтимал әсеріне байланысты өзге де ескертулер мен ұсыныстар бар ма?

Стратегиялық құжаттың қолданылу мерзімі: 2025–2040 ж.ж.

Уәкілетті орган: Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі.

Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдау рәсімін өткізу мерзімі: 2026 жылдың 6 қаңтарынан 2026 жылдың 21 қаңтарына дейін (соның ішінде).

Байланыс деректері:

Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8. Экологиялық мәдениет және саясат департаменті. Тел. 8 (7172) 74-02-83, 74-08-90.

e-mail: b.zhartybaeva@ecogeo.gov.kz

n.kunanbayeva@ecogeo.gov.kz

«Алматыгенплан» ғылыми-зерттеу институты» ЖШС

Тел. 8 (727) 265-90-01.

e-mail: gp@almatygenplan.kz

Ескертулер мен ұсыныстарды жазбаша түрде электрондық түрде электронды мекенжайға жіберуге болады. Министрлік Кеңсесінің мекенжайы: k.kense@ecogeo.gov.kz.

Сіздің құжаттарыңыздың алынғандығы жөнінде, кеңседе +7(7172) 74-08-44 телефоны арқылы міндетті түрде нақтылау қажет.

СЭБ бойынша материалдар орналастырылған:

Министрліктің сайтында («Қызмет» бөлімі – «Негізгі құжаттар» бөлімі – «Стратегиялық экологиялық бағалау» бөлімі)

Алматы қаласы Сәулет және қала құрылысы басқармасының сайтында («Құжаттар»).

Алматы қаласының тұрғындары мен қонақтарына!

Алатау ауданы Полиция басқармасының Қоғамдық қауіпсіздік бөлімінің отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күрес жөніндегі бөлімшесі азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында халық арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізуде.

Кездесулер мен әңгімелер барысында тұрғындарға отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбаны немесе куәгері болған жағдайда қандай әрекеттер жасау қажет екені, қайда және қалай көмекке жүгінуге болатыны, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген қорғау шаралары түсіндіріледі.

Сонымен қатар, қиын өмірлік жағдайға тап болған азаматтарға психологиялық, құқықтық және әлеуметтік көмек көрсететін дағдарыс орталықтары мен үкіметтік емес ұйымдардың қызметі туралы ақпарат беріледі.

Полиция азаматтарды бей-жай қалмауға, уақытылы көмек сұрауға және отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілері туралы хабарлауға шақырады.

Фольклор, өнер, патша музейлеріне саяхат

Алматы қаласының Музейлер бірлестігі өткен жылды табысты түйіндеді. Дәлірек айтсақ, желтоқсанның соңына таман жеті қызметкері Сеул және Кенджу қалаларында болып, Кореяның жетекші музейлерінде кәсіби біліктілігін арттырып қайтты.

Шеберлікті арттыру Сеул қаласы музейлер бірлестігі тарапынан тегін жүзеге асырылды. Бұл халықаралық ынтымақтастықты нығайту бағытындағы жүйелі жұмыстың нәтижесі. Оқу бағдарламасы музей қызметінің негізгі бағыттары, атап айтқанда, экспонаттарды есепке алу және сақталуын қамтамасыз ету, оның ішінде қолайлы климаттық жағдайларды (температура, ылғалдылық, жарық) бақылап, реттеу, реставрация және консервация жұмыстарын жүргізу, тасымалдау кезінде қауіпсіздік талаптарын сақталуын қадағалау бойынша теориялық және практикалық сабақтарды қамтыды.

Тағылымдама аясында Алматы қаласы Музейлер бірлестігінің қызметкерлері Сеул және Кенджу қалаларының жетекші музейлерінің жұмыс тәжірибесімен жан-жақты танысты. Атап айтқанда, Кореяның Ұлттық музейі, Корея Ұлттық фольклор музейі, Сеул қаласы тарихы музейі, Сеул көлөнер өнер музейі, Седжон патша музейі, Адмирал Ли Сунсин музейі, Кореяның Ұлттық сарай музейі, Кенджу Ұлттық музейі, Кенджу Ұлттық паркі, Кенбоккун сарайы, Чхонгечхон музейі, Ханяндосон бекініс-қамалы музейі. Сондай-ақ, ЮНЕСКО-ның Әлемдік мұралар тізіміне енген ашық аспан астындағы Кенджу археологиялық кешенінің қызметімен танысып, озық тәжірибелерін зерделеді.

«2022 жылы біздің Алматы қаласы музейлер бірлестігі мен Сеул қаласы тарихы музейі арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылған болатын. Осы келісім аясында 2022 жылы Сеул қаласы тарихы музейінде Алматы музейінің «Ұлы дала жауһарлары» көрмесі, ал былтыр Алматы қаласында Сеул қаласы тарихы музейінің «Сеул ғажайыптары» көрмесі ұйымдастырылды. Мұндай екіжақты байланыс іргелі мемлекеттердің мәдениеті, рухани қарым-қатынасын нығайта түсері сөзсіз», – дейді бірлестік директоры Ләззат Сағындықова.

Нұржамал ӘЛІШ.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактордың міндетін уақытша атқарушы –
Есхат БОЖАН
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
[rekalatauqparat@gmail.com](#)

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
[rekalatauqparat@gmail.com](#)
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ,
Валерий ЖАНДӘУЛЕТОВ

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00–ден 18.00–ге дейін хабарласыңыз

Almaty
AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
[alatauqparat@gmail.com](#)
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады.
Нөмірдің таралымы – 11 152 дана (сейсенбі)

Кезекші редактор – Рая ЕСКЕНДІР

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy» -ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.



ЖАНДЫ ДАУЫСТЫҢ ДӘУІРІ БАСТАЛДЫ

Отандық эстрада әншілерінің фонограмма қолдануы қоғамда көп жылдан бері талқыланып келе жатқан еді. Ал қазір бұл мәселе құқықтық негізде талқылана бастады. Айталық, өткен жылдың соңына қарай Сенат «Мәдениет туралы» заңға фонограмма қолдануға қатысты жаңа толықтыру енгізуді ұсынған болатын. Мәдениетке қатысты маңызды жаңашылдықтың ең елеулісі – концерттерде фонограмма қолдануға тыйым салынуы болды. Сондай бұл талап телеарналарға арналған жазбаларға немесе концерт өткізуге бейімделмеген орындарға қолданылмайды. Бұған қоса, кез келген шығарманы медиа платформаларда немесе интернетте жария түрде қолдану кезінде автордың аты-жөнін көрсету міндеттелді. Ағымдағы жылдың ақпан айынан бастап, аталмыш заң күшіне енетін болады.



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

Рая
ЕСКЕНДІП

Жаңа жобада 200 адамнан көп көрермен жиналатын концерттерде фонограмма қолдануға шектеу қою көзделген. Оған қоса, заң талабы бұдан былай әрбір ұйымдастырушыға концерт алдында көрермендерге фонограмма қолданылатыны туралы хабарлауды міндеттейтін болады. Егер осы талап бұзылған болса, онда ұйымдастырушыларға 1000 АЕК-ке дейін (шамамен, 3,9 млн. теңге) айыппұл салынуы мүмкін. Осыдан кейін жұрт арасында өнер әлемі сүзгіден өтіп, сахна тазартын болды деген пікір жиіледі.

Осы арада «Әу баста әншілердің фонограмма пайдалануына неге рұқсат берген? Жалпы, осы фонограмма біздің елге қайдан келді?» деген сынды заңды сұрақтар туады. Иә, әлемдік тәжірибеде фонограмманы XX ғасырдың 50-жылдарында теледидар мен радиошоуларда қолдана бастаса, Кеңестік кеңістікте, соның ішінде Қазақстанда 90-жылдары техникалық себептермен кеңінен тарай бастаған. Оған ең алдымен концерт залдары мен дыбыс аппараттарының жетіспейтіні себеп болады. Міне, осылайша алғашында көмекші құрал ретінде пайда болған фонограмма кейін орындаушылардың бір бөлігі үшін ыңғайлы әдетке айнала бастайды. Дегенмен, бұл шынайы дауысты талап ететін көрермен үшін өнердің нағыз «жансыздануы» еді. Сондықтан фонограммаға қатысты заңға қалың тыңдармандар да өз ойын айтып, қызу қолдау білдіріп жатыр.

Көпшілік тараптың пікірі аталмыш жобаны қос қолын көтере қолдағаны даусыз. Таланттысы да, талантсызы да сайран салған өнердің киелі алаңы тазарып, халық шынайы өнерден сусындайтын болды деп қуанғандар да бар. Дәл мұндай тыйым болмағанда сахнада аузын жыбырлатып қана тұратын әншілердің көрерменін көзбе-көз алдап келгеніне етіміз де үйреніп бара жатқан еді. Ең жаманы көзге көрініп тұрған жасандылық айып емес, заңдылық сынды қабылдана бастағаны да рас қой.

Фонограммаға шектеу қою туралы бастамалар бұған дейін де бірнеше рет көтерілгені бар. Алайда, өз дәуірінің жаңалығы, заманның берген қолайлығы санаған, жасанды дауысымен жарты әлемге танылып алып, өз «биігінен» түскісі келмеген талай «өнер иесі» бұған қарсы болғаны да бар. Осы тұста жазушы Бақытжан Момышұлы ағамыздың фонограммаға қатысы «*Әншілерге гүл ұсынып, сосын қайтадан алып қою керек. Олар да бізді алдайды ғой*» деген сөзі еске түсед. Ал аталмыш заң талқылауға түскен Мәжіліс отырысында депутат Қазыбек Исаның өзі

де «Халық билетін сатып алып, тірі өнерді күтеді. Ал кей әртіс аузын жыбырлатып, дайын жазбаның соңынан жүреді. Бұл – көрерменге жасалған қиянат», – деген болатын.

Әрине, өнердегі бұл өзгеріс алғашында қиындық туғызуы мүмкін. Бірақ бұл қадам әрбір әншінің өзін танытатын, шынайы дауысы естілетін, тәңір берген өнерінің үлкен жеңісі болмақ. Саф өнер мен шын өнерпазды қолдау, өнердегі адалдық пен көрермен алдындағы жауапкершілікті қайта ойлауға жетелері сөзсіз. Сондықтан кейбір танымал әншілер бұл шешімді қуана қабылдап жатса, өзіне сенімсіздері күмәнмен қарап жатыр.

Жақында Алматының концерт залында өткен концертті тамашаладық. Ерекшелігі, мұнда әншілер тек жанды дауыста ән салды. Мінсіздіктен көрі көрермен үшін шынайылықтың бағалы екенін сол концерттен де көруге болар еді. Алайда, сахнадағы көз-бояуға үйреніп алғандардың беті де ашылып қалып жатты. Тіпті, ән сөзін жатқа білмейтін кейбір әншілер алдындағы парақтарды шатастырып, әбігерге түсіп жатқанын көпшілік көрді. Алдыңғы қатарда отырған ел ағалары мұндай әрекетті ашық айыптап, сөгіп те тастады. Бірақ көпшілік тек сахнадан, теледидардан ғана көретін «жұлдызды» жандардан тек шынайылық күтетіні анық байқалды.

Қалай дегенде де, «Бұрынғы әншілер сахнаға шыққанда жүрекпен айтатын еді, қазір микрофон сөйлейді» деген пікір текке айтылмаған екен. Осы тұрғыда өнер иелерінің де пікірлері әртүрлі. «Жанды дауыс дегеніңіз, мінсіз техника мен дайындықты талап етеді. Өкінішке қарай, кейбір аймақтарда әлі күнге дейін сапалы аппаратура жоқ. Сондықтан амалсыз фонограмманы таңдауға тура келеді» дейтін уәждері де бар. Керісінше фонограммаға тыйым салу өнердегі бәсекені арттырып, шынайы таланттарға жол ашады дейтін пікірлер басым. Ал осы саланың майталман маманы, мәдениет сарапшысы Қуаныш Есқалиевтің пікірінше, фонограммаға толық тыйым салу бірден іске аспайтын көрінеді:

«Техникалық жағдай әр өңірде әртүрлі. Бірақ бұл бағыт – өнердегі адалдықтың бастауы. Шынында да, кейбір ауылдық жерлердегі Мәдениет үйлерінде дыбыс аппаратурасы ескірген, ал кәсіби дыбыс режиссерлері деген тіпті тапшы. Сондықтан заңмен бірге инфрақұрылымдық жаңғырту бағдарламасы да қатар жүруі тиіс», – деп отыр.

Мәдениет және ақпарат министрлігінің дерегіне сүйенсек, Қазақстандағы концерт индустриясында жылына шамамен, 6 млрд. теңгеден астам айналым жасайды екен. Сондықтан фонограммаға шектеу қойылса, ол тек өнер сапасына ғана емес, аппарат, микрофон, техник, дыбыс инженері, т.б. салаға қатысты құрылғыларға сұраныс артады деген сөз. Яғни ішкі музыкалық нарықты дамытудың да тетігі болмақшы.



Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.